

С. И. Жақсисбаев

**ҚАЗАҚТЫҢ
ТҮП ТЕГІ ТУРАЛЫ**

С. И. Жақсыбаев

**Қазақтың
түп тегі
туралы**

Павлодар, 2005

С.И.Жақсыбаев. **Қазақтың түп тегі туралы.** - Павлодар:
«ЭКО» ҒОФ, 2005. - 144 бет, илл.

Бұл кітапта қазақ халқының түп тегі, қазақ хандығының құрылуы және «қазақ» деген аттың этимологиясы туралы әңгіме болады.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ISBN 9965-635-17-9

Рецензент: Қуанғанов Ш.Т.

ISBN 9965-635-17-9

© Жақсыбаев С.И., 2005



Алғы сөз

Ертіс-Баянаула өңіріне танымал ағамыз, экономика ғылымдарының кандидаты, өлкетанушы Серік Жақсыбаевтың «Қазақтың түп тегі туралы» деп аталатын кітабына алғы сөз жазу өтініші қолыма шын ықыласты ниетпен қалам алғызды. Кітаптың өзі аты айтып тұрғандай автор өткен тарихтың әр түрлі мәселелеріне қатысты өз пікірін білдіріп жүрген, көзі ашық, көкірегі ояу азамат ретінде қазақ халқының түп тегіне қатысты ойларын білдірген.

Серік ағамыз қолынан келгенше ғылыми және танымдық әдебиетке сүйеніп, тарихтың жазбаша және ауызша деректерін қамтып нар тәуекел деп осы бір жұмыста жасап шығарған. Егер кітаптың соңындағы әдебиет тізімін қарасақ, мазмұнындағы сілтеме санын санасақ қаламы жүріп-тұрған анау-мынау кәнігі тарихшылардың монографиясына ұқсайды.

Секең ұсынып отырған атпен 1957 жылы қазақтың сол кездегі белгілі ғалымдарының бірі Мұсатай Ақынжановтың «Қазақтың тегі туралы» деген кітабы жарық көріп еді. Бірақ көп уақыт өтпей кітап қазақтың сол кездегі тағы бір таңдаулы азаматы, әз ағамыз Кемал Ақышев тарапынан қатты сынға ұшырап тас-талқан болған еді. Содан бері бұл тақырыппен ғалымдар оқырман алдына шығуға батпаушы еді, тек аласапыран 90-шы жылдардың ортасында Қазыбек Тауасар ұлы жазған екен-мыс деген лақаппен қазақтың бірнеше пысық жігіттері «Түп тұқианды» - шығарып еді. Ол да қазақ сияқты тасқа басылған жазуға имандай сенетін, оқығанын терең талдай қоймайтын, тексеруге кейде білімі, кейде зердесі жете қоймайтын ортада әуелгі бетте қызығушылық, кейін дау туғызып әлі күнге бықсып жатыр.

Осы «Түп тұқианнан» кейін қазақтың аңғал жүрегін Мұрат Аджи аталатын мәскеулік бір қу жігіт жаулап алды. Өзі алыста, қалың орыстың ортасында жүрсе де қазақ байғұсты жыландай арбап, қазақтың санасын билеп алғанына бірнеше жыл болды. М. Аджи дүниежүзіндегі халықтың бәрі түркі нәсілінен, олар білместікпен өзін неміс, американдық, испандық атап жүр, адамзат өркениеті мен мәдениетінің барлығы, соның ішінде христиан дінімен Иса пайғамбардың қолына көтерген креші де Алтайдан шықты деп қазақты анда - санда құлақтан теуіп отырады.

«Қыпшақтар», «Қыпшақ даласының жусаны», «Оғыздар», т.б. аталатын кітаптар Қазақстанның өз ақшасына шығарылып, қазақтың өзіне көтерме бағамен сатылады. М.

Аджидің есебі түгел, басы қатып жүрген қазақ жүре берсін.

Енді осы М. Аджи және т.б. ондаған пысық жігіттер напақа тауып жатқан қазақ тарихының қызығын мен Серік ағамнан қалайша қызғанамын. Әлі жеткен жерге барсын, тарихтың соқпағының бәрі де сайрап тұрған Екібастұз пен Керекудің арасындағы жол емес, қараңғылықта жүріп көруге де батылдық керек. Серік ағамыздың тарихтың көне қойнауларына бас сұғуын өте ерлік деп есептеймін. Ағамыз Нұқ пайғамбардың заманынан бастап біраз сілтеген, оның ішінде топан су басқан, адам баласы қарақ болып кеткен оқиға да, жарықтық Нұқ кемесінің Жуды тауына тоқтауы, Нұқтың үш баласының ұрпақтары туралы «Таурат» мазмұнынан алынған әңгімелері бар. Тек осыған байланысты айтарымыз Қазақ елі Жудының орнына Қазығұрт дейді. Өзге халықтарда өзгеше: армяндарда - Арарат, еврейлерде - Сион, т.б.

Қазақтың көне тарихы «М. Аджи және К» тарапынан жазылып, қазақ байғұс бастығы мен қарашасы бар оны мойындап қойғандықтан мен Серік ағайдың «қазақтың түп тегіндегі» көне және орта ғасырлық тарихқа тоқталмай ақ қояйын. Қалай дегенде мен Секеңнің анау-мынау Аджиден кем жазбайтынын білемін. Менің ерекше бір ескерткім келіп отырғаны бергі қазақтың, соның ішінде арғынның өз тарихы.

Мысалы кітаптың бесінші тарауында автордың арғын тайпасының тарихы туралы жазғандары көңілге қонымды. Автор «Арғын» деп атап жүрген бабамыз жеке тұлғаның есімі емес, ежелгі арғын тайпасының атауы», немесе «бүгінгі арғындардың кем дегенде 48 атасының ұмыт болғанын мойындауымыз қажет» деген пікірлері нақты ғылыми деп есепке аламыз. Бұл тарих ғылымының әдіс-тәсіліне қанық адамның айтатын сөзі.

Ауызымен құс тістемесе де, кәдімгі жақсы шабысы бар жүйрікке ұқсайтын бұл кітапқа біз тек ақжол тілейміз.

*Жамбыл Артықбаев, тарих
ғылымдарының докторы,
профессор*



БІРІНШІ ТАРАУ ЕЖЕЛГІ АРҒЫТҮРКІЛЕР

Бүгінде ядролық геохронология бойынша Жердің жасы 4,6-4,5 миллиард жыл екені анықталып отыр. Шамамен соншама уақыттан бері Жер бетінде ең төменгі сатыға жататын бактериялар-клеткасында ядросы жоқ тірі жәндіктер болғандығы белгілі. Кейін Жер суып, оның бетін тегіс су басып кеткенде суда ядросы айнала мембранамен қоршалған дара клеткалы организмдер дүниеге келеді. Одан кейін материктер пайда болып, көп клеткалы организмдерге (өсімдіктер мен жануарларға) қолайлы жағдай туған кезден бастап бүгінге дейін шамамен 400 миллион жыл өтеді [1, 299]¹.

Осыншама уақыт аралығында Жер бетінде бірінен кейін бірі әр түрлі деңгейде дамыған төрт адамзат нәсілі-өмір сүреді. Алайда олардың бәрі дерлік бір кездері Жерде болған астанкестен құбылыстарға байланысты мәңгі-бақи жоғалып кетседе, олардың аздаған топтары өздерін әрдайым, аман сақтап қалған [1, 406-407]. Олардың қалайша аман қалғандығы - әлі сыры ашылмаған құпия жағдай.

Біздің заманымыздан бұрынғы (б.з.б.) бір жылдай уақытқа созылған дүние жүзілік Ұлы топан суы кезінде аздаған адамзат тобы су астында қалмаған жерде тірі қалады. Ондай жерге кейбір ғалымдар Тибет таулы қыратын жатқызып жүр [2, 113, 117; 3, 42]. Адамзат баласының Жер бетін басқан топан су салдарынан із-түссіз мүлдем құрып кетпегені жөнінде Құран Кәрімде: «Нұқ² кеме жасады... Кемеге шығыңдар! — деді Нұқ өз адамдарына... Тау толқындар тербеп кеме жүзіп бара жатты. Кеме Әл-Жуди³ тауының үстіне келіп тоқтады..., - деп жазылған [4, 187].

Құран Кәрімде, Шығыс діндері әдебиеті мен М.Н.Нострадамус, Е.П.Блаватская және т.б. белгілі ғалымдардың еңбектерінде Жер бетінде алғашқы Адам-Ата мен Хауа-Ана жаралғаннан бері Нұқ

¹ Квадратты жақшаның ішіндегі бірінші сан осы кітаптың соңындағы «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» бойынша берілген әдебиеттің реттік нөмері. Одан кейінгі сандар сол әдебиеттен сөздәйек, немесе дерек алынған беттерді көрсетеді.

² Нұқ-Адам-Ата мен Ыдырыстан кейінгі үшінші пайғамбар.

пайғамбардың заманына дейін өркениеті өте жоғарғы сатыда дамыған бірнеше адамзат нәсілдерінің қауымы болғаны айтылады. Мысалы, Құран Кәрімде: «Жер бетіне сендерден бұрын да талай қауым келіп кеткен», - деп жазылған [4, 56].

Ұлы топан суы кезінде Тибетті паналап аман қалған Нұқ пайғамбар Хам, Сам және Иапес есімді ұлдарын үш тарапқа жібереді [5, 11]. Осы үшеуінен өсіп - өрбіген ұрпақтар, яғни адамзаттың бесінші нәсілінің үрім-бұтағы Жер бетіндегі қазіргі бесінші қоғамды дамытып келеді [1, 407, 828, 907]. Сол кезде Иапес Тибеттен солтүстікке қарай кетеді. Осы Иапес жер жүзіндегі барлық түркі халықтарының арғы атасы болып саналады [85, 228; 138, 109]. Ол өлерінде патша тағына сегіз ұлының үлкені Түркті отырғызады [5, 11]. Оның ұрпақтары қазіргі Шығыс Түркістандағы Лобнор көлінің маңайын қоныстанады [1, 846; 6, 42]. Осы Түрктен алғашқы түркі нәсілдес палеосібірлік суб⁴- нәсіл⁵ қалыптасады [5, 12; 25, 1-ші томның ескертулері, 19-ші бет, 51-ші сілтеме]. Бүгінде осы жерде түркі тектес Лобнор сөйлеу тілі бары белгілі.

Палеосібірлік суб-нәсілден бөлініп, Алтай тауына қоныс аударған адамдар алтайлық жаңа нәсілді дүниеге әкеледі. Осы жерде тарихта «сақ»⁶ деп аталатын арғытүркі⁷ тайпалары⁸ бірлестігі пайда болады. Кейін алтайлық нәсілден бөлініп, Шығысқа қарай көшіп, ақыры Байқал көлінен төмен жерге қоныс тепкен тайпалар тобы оңтүстіксібірлік суб-нәсілдің негізін салады. Бұл нәсілден өрбіген адамдардан біздің жыл санауымыздан арғы заманда тарихи әдебиетте әдетте «ғұн» деп жазылып жүрген арғытүркі тайпалары бірлестігі құралады.

³ Әл-Жуди-Тибет таулы қыраты болуы мүмкін. Қазақ шежірелерінде Нұқтың кемесі Қазықұрт тауына жетіп тоқтаған деген аңыз шындыққа жатпайтын сияқты, өйткені оның биіктігі Тибет тауларынан төрт есе төмен.


⁴ Суб - негізгі ата-тектен бөлініп, басқа жерде қалыптасқан нәсіл екендігін білдіреді.

⁵ Нәсіл - кейбір белгілері жағынан (тері мен шаш түсі, бас пішіні, дене құрылысы және т.б.) бір-біріне ұқсас келетін тарихи қалыптасқан бірыңғай адамзат тегі.

⁶ Кейбір тарихшы-ғалымдар сақ тайпалары бірлестігінің ата қонысы Алтай өңірі екендігін айтады.

⁷ Бұдан арғы әңгімемізде б.з.б. түркі тілдес халықтар "арғытүркі" деп аталады.

⁸ Тайпа - бірнеше рулардан құралатын әлеуметтік топ.



Бұрынғы-соңғы белгілі түрколог ғалымдардың түркілер жөнінде жазған еңбектерін жан-жақты салыстыра оқып, зерттеуіміздің арқасында алтайлық және оңтүстіксібірлік нәсілдер жалпы түркі халықтарының арғы тегі болып саналады деген қорытынды пікірге келеміз. Бұған қоса айтарымыз: Алтай өңірі мен Оңтүстік Сібірде біздің заманымыздан бұрын түркі тілді халықтардың тұрғандығына ХІХ - ХХ ғасырларда сол жерлерден археологиялық қазбалардан табылған әр түрлі шаруашылық пен тұрмыс жабдықтары және қолөнер бұйымдары да толық дәлел болғанын білеміз.

Палеолит⁹ дәуірінде Сібір, Қазақстан және Орта Азия жерлерінде алғашқы адамдар қауымдарының ең әуелгі орналасуы тау бұлақтары мен жылғалардың маңында болғаны археологиялық қазба жұмыстары арқылы дәлелденді.

Ал неолит¹⁰ дәуірінде палеолитке қарағанда матриархаттық-рулық жағдайда едәуір көп халықтың өмір сүргендігі де археологиялық мәліметтерден белгілі. Неолит дәуіріндегі археологиялық қазбалардан табылған заттар анықтағандай Алтай мен Оңтүстік Сібірде өмір сүрген адамдар тас құралдардан мыстан жасалған құралдарға көшуі жер бетіндегі басқа аймақтарға қарағанда көп бұрын болған.

Дәл осы дәуірде рулық қауымдардың өзара қатынасы мен олардың тайпаларға бірігуі негізінде рулық тілдердің тайпалық тілге қалыптасу процесі басталады.

Жаңа тас дәуірінде қазіргі Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың Сібір, Орта Азия, Орал тауы маңындағы және Шығыс Түркістандағы тайпалармен, сондай-ақ Иран және Үнді мұхит жағалауында өмір сүрген тайпалармен де байланыста болғандығы археологиялық зерттеулер арқылы анықталды.

Қола дәуірінде (б.з.б. 4500 - 2800 жж.) өндіріс құралдары жетіле түсіп, техника дамып, мысты, қалайыны және алтынды балқыту мен оларды өңдеу меңгеріледі. Осы металдардың ішінде қару жасау үшін ең жарамды мыс болып табылады. Кейін мыс,

⁹ Палеолит - көне тас дәуірі.

¹⁰ Неолит - жаңа тас дәуірі.



қалайы және қорғасын қорытпасынан жаңа, таза мыстан гөрі тым қатты метал - қола алынады.


Осы кезде адамдар біртіндеп өзендердің алқаптарына қоныстана бастайды. Бұл жерлерде топырақтағы судың тұрақты сақталуы қолдан суаруды қажет етпеуіне байланысты егін егіле бастайды. Осы кезде металдан жасалған қол орақ пайда болады. Сондай-ақ мал шаруашылығы да дами түседі.

Қауымдық-тайпалық жер меншілігі шеңберінде отбасылық жер пайдалану мен малға отбасылық меншік пайда болады. Алайда бұл сатыда адамды адамның қанауы әлі болмаған еді. Бірнеше руларды біріктірген тайпалар мен жаңадан пайда бола бастаған тайпалар одақтары ішінде демократиялық үстемдік орнығады. Тайпалар аңшылық пен балық аулауға жарамды жерлерді бірлесіп пайдалануға көшеді.

Археологиялық қазба мәліметтеріне сүйенген ғалымдардың пайымдауынша тас құралдары дәуірінде, сондай-ақ қола дәуірінде Қазақстан мен Орта Азияда өмір сүрген әр түрлі тайпалар мәдениеті мен Батыс Сібір және Еділ өзені бойындағы тайпалар мәдениеті арасында байланыс барлығы байқалады.

Алайда бұл тайпалардың сол дәуірлердегі этникалық құрамы бізге белгісіз болсада олардың арғы түп тегі бір екендігін жорамалдауға болады.

Темірді өндеп, одан қару мен аспаптар жасау басталған кезде жабайы-қоғамдық қатынастар жіктеліп, таптық қоғамға көшудің алғашқы сатысы басталады. Осы процестердің нәтижесінде рулық қауым да жіктеле бастап, ауылдық қоғам пайда болады. Содан кейін адамдар қауымы арасында жеке отбасыларының біртіндеп мүлік теңсіздігі арта түседі. Сөйтіп, патриархалдық құлдықтың әрі қарай дамуы өріс алады. Байлар мен кедейлер пайда бола бастайды. Осыған орай көрші тайпалардың бірімен бірі жауласуына байланысты пайда болған тұрақты лауазым иесі саналған әскери басшылардың қоғамдағы рөлі артады. Алайда олардың билігі қауым басшысының кеңесі мен тайпалардың жиналыстарымен шектелулі болды. Мұндай жағдай тайпалардың бір одаққа бірігуінің қажеттілігін арттыра түсті.



Тонаушылық жорықтар әскери басшылар мен тайпалар көсемдерінің рөлін одан әрі күшейтіп, олардың беделін көтереді. Тонау мақсатымен соғыс бастау тұрақты кәсіпке айналады. Жоғарғы әскери басшы мұрагерлік ақсүйек адам боп саналды.

Қуаң-дала мен көгалды-дала алқаптарындағы әр түрлі өндіріс жағдайларына сәйкес б.з.б. бірінші мыңжылдық қарсаңында көшпелі, мал шаруашылығы, ал көгалдар мен өзендер алқаптарында отырықшы, егіншілік сияқты екі типтегі шаруашылық пайда болады.

Алтайлық нәсілге жататын сақтар туралы Қытай тарихшысы Бан Гудың «Ханнама» атты шығармасында: «Сақ - біздің жыл санауымыздан мың жыл бұрын Орта Азия мен қазақ даласын мекендеген ежелгі тайпа. Ертедегі үйсін, қаңлы, ғұн мәдениеті дегендер - сақ мәдениетінің жалғасы», - деп жазылған [115, 47]. Енді «қытай» деген атау жөнінде бірер сөз. Біздің заманымызда қазіргі Ішкі Монғолия жерінде көшіп-қонып жүрген түркі тектес (тарихта IV ғасырдан белгілі) қатай тайпасының атына байланысты Орта Азия халықтары ертеден қазіргі Қытай жерін «қытай» деп атаған-ды. Бұл тайпа кейбір жазбаларда «хатай», немесе «хитай» деп те аталады [7, 247; 8, 100, 116, 237]. Академик В.В. Бартольд бұл этнонимді «қидандар (хитайлар, қарақытайлар)» деп жазады [9, 297], ал қазақ тілінде «қидандар (қытайлар), қарақытайлар» деп жазылып жүр [10, 556]. Бұған қоса, Әбілқайыр хан мемлекетінің құрамындағы 92 түркі тайпаларының ішінде «хытай» деген тайпаның болғанын да айта кетуге болады [11, 211]. Осы «қытай» этнонимі басқа елдердің айтуында күні бүгінге дейін қазіргі Қытай Халық Республикасының атауы болып келеді, ал қытай халқы өздерін «хань» деп атайды. Бұл жерде тағы бір айта кететін жайт - қазіргі Қытай мемлекетіне этникалық атау болған қатайлардың (қидандардың) негізгі бөлігі кейін Қазақстан аумағына қоныс аударып келгенде қазақ халқын құраған ру-тайпаларға сіңісіп кеткені тарихтан белгілі.


Ежелгі Қытай мемлекетіне көршілес, оның терістік жағын мекен қылған Оңтүстік Сібірдегі арғытүркілер жайында алғашқы

деректер кейінгі кезде ғалымдардың қолына түскен Қытай жазбаларынан б.з.б. XII ғасырдан белгілі болып отыр. Осы тарихи мәліметтер бойынша арғытүркі қауымдары Қытай патшалығының негізін салған чжоу тайпасының солтүстігі мен Байқал көлі аралығындағы жерді мекен еткен. Дәл осы жерге 1956 жылы Москвада шыққан «Всемирная история» деген кітаптың 2-ші томына қосымша берілген «Древний мир в середине IV в. до н.э.» деген картада «гунны» деп жазылған [12, 5-ші карта]. Бұл карта осы кітаптағы 2-ші суретте берілген. Бұған қоса айтарымыз: белгілі жазушы-түрколог Мұрад Әджидің айтуынша Оңтүстік Сібірде б.з.б. дәуірінде Қытай тайпаларына көршілес айбынды империя болған [13, 148-149]. Бұл империяны құрушылар, әрине, арғытүркілер еді.

Жоғарыда айтылған картада көрсетілген «гунны» - қазақ басылымдарында жазылып жүрген «ғұндар» деген арғытүркі тайпалары бірлестігі. Осы атаудың түбіріндегі «ғұн» деген сөз, әрине, арғытүркі тайпаларының жалпы аты екенін аңдауға болады.

Ежелгі заманда белгілі бір жерді көп жылдар бойы мекен қылған тайпалар өрбіп, адамның саны көбейе келе олардың біраз ұрпақтары басқа жаққа қоныс аударуы қалыптасқан дағдылық екені белгілі. Сол себепті бір кезде ғұндардың ұрпақтары алдында да қоныс аудару мәселелі тұрады. Солай болғанда олар не солтүстікке, не шығысқа қарай қоныс аудармайды. Өйткені олардың солтүстігі де, шығысы да бірдей әрі ауа райы өте суық, әрі жыртқыш аңдары көп ну орманды, әрі жері батпақты болғандықтан мал өсіруге, көшіп-қонып жүруге өте қолайсыз жерлер еді. Ал олардың оңтүстігінде күшті Қытай патшалығы болды. Сонда ғұндардың қоныс аударуына ең қолайлы болып тек батыс бағыттағы жерлер ғана қалады. Осы бағытпен қоныс аударған олар Алтай тауына дейін жетіп, одан біраз жылдан кейін осы жерде қалғаны қалып, қалмағаны жергілікті сақ¹¹ тайпалары бірлестігі құрамындағы кейбір тайпалармен бірге жазық далалы

¹¹ Сақ — қырағы деген мағынаны білдіреді [42, 105]. Бұл сөз бүгінгі қазақ тілінде сақталған көне түркі сөзіне жатады.



батыс бағытымен ауытқымай әрі қарай жүздеген жылдар бойы көшіп-қонып жүре келе, ақыры Шығыс Еуропа жеріне дейін жетеді.

Сонымен, ғұндар мен Алтай өңіріндегі арғытүркілерден өрбіген мал өсірумен күнелткен сақтар б.з.б. XII-III ғасырларда жалпы аумағы шығыста Сунгари және Нуныцзян өзендерінен (шығыс бойлықтың 125-ші градусы), батыста Дунай өзеніне дейін, терістікте Байқал көлінен (солтүстік ендіктің 50-ші градусы) Ұлы Қытай қамалына дейінгі Еуразия кеңістігінің жарты бөлігіне жақын ұланғайыр далалы аймақты мекендегені тарихтан белгілі.

Осы арада мына бір деректі де айтқан артық болмас. Б.з.б. IV ғасырдан әрі Қытайдағы Янь және Чжао патшалықтарының терістік шекараларында ғұндардың шабуылдарынан қорғану мақсатында бекініс қабырғалары орнатылады. Алайда бұл бекіністер бір-бірімен жалғаспай бөлек-бөлек орнатылғандықтан сол заманның III ғасыры басында ғұндардың жиілеп кеткен шабуылдарынан қорғайтын бөгет бола алмайды. Сондықтан қытайлар бұрынғы салынған бекіністерді тұтас ұласқан мықты қамалға айналдыру керектігін ұйғарады. Сөйтіп, Цин империясының бірінші императоры Цин Ши Хуанди мен оның әскери қолбасшысы Мын Тянь он жылдың ішінде ұзындығы төрт мың шақырым Ұлы Қытай қорғанын салады¹² [14, 480].

Қытай жылнамаларында Чжоу мемлекетінің солтүстігіндегі арғытүркі тайпалары «сяньюнь», кейде «сюнну», немесе «гун» деп жазылған [15, 612; 16, 15, 39-40; 17, 73].

Енді «сюнну» деген этникалық атауға байланысты мына бір шырғалаң жайды айта кетейік. Қытайдың солтүстігін мекендеген арғытүркілерді әуел баста кейбір ғалымдардың пікірінше қытайдың көне тарихи деректерінде «хунну» деп жазылғаны айтылса, енді қазіргі орыс ғалымдары осы атауды білдіретін қытай иероглифін бұрынғыша айтылып жүргендей «хунну» емес, «сюнну» болып оқылады деп жүр. Ал мұңғол ғалымдары бұл

¹² Ұлы Қытай қорғаны б.з.б. 221-210 жылдары салынған.

атауды «хун», арабтар «һун» дегенге саяды. Аталмыш арғытүркі тайпаларының біздің заманымыздың (б.з.) басында Шығыс Еуропаға жеткен ұрпақтары сол кездегі еуропалық халықтардың лексиконында «хунны» (кейде «гунны») деп аталған. Б.з. ХХІ ғасырына дейінгі әдебиетте қазақ тарихшылары «хунну», «сюнну», «гун», «хун», «һун» атауларын «ғұн» (кейде «гун») десе, ал кейінгі кезде тарихшыларымыздың бір тобы «ғұн», кейбірі «һун» деп жазып жүр. Қалай дегенмен, жоғарыда он түрлі айтылған бір-біріне тым ұқсас атаулардың бәрі де, меніңше, дұрыс емес, дұрысы - академик-жазушы Сәбит Мұқановтың: «Ғұн» - қазақша «күн» деген сөз. Ертегі бойынша «ғұнның» алғашқы ханы - Күн сәулесінен жаралыпты - мыс делінеді», - деп жазғаны [18, 13]. Сәбит Мұқановтың «ғұн» атауын «күн» деп айтқанын белгілі қазақ тілі маманы Ғайниден Мұсабаев [19, 3], жазушылар Бексұлтан Нұржекеев [20, 41-42] пен Мырзабек Дүйсенов те [21, 244] қолдайды. Енді жоғарыда айтылған пікірді түрколог-ғалым Орынбай Бекжанның сөзімен бекіте түсейік: «Қазақтың көреген ақыны Мағжаннан бастап қазіргі көптеген жазушыларымыз айтып жүрген гун сөзінің мағынасы қазақ тіліндегі күн деген мәнді білдіретіні жөніндегі пікір ақиқат болып шықты» [110, 85].

Ежелгі түркілердің дүниетанымы жайында тарих атасы Геродот: «Единственный бог, которого они почитают, это - солнце. Солнцу они приносят в жертву коней, полагая смысл этого жертвоприношения в том, что самому быстрому богу нужно приносить в жертву самое быстрое существо на свете», - деп жазады [22, 79].

Қытай тарихшылары арғытүркілердің б.з.б. V-II ғасырларда Тәңірге¹³ құлшылық етіп Күнге табынғандықтарын айтады [23, 115]. Онымен бірге олар Көкке және Жер-Суға да сыйынатын болған. Солардан кейінгі олардың табынатын үшінші күш болған. Ол - үйдегі отбасын, бала-шағаны жаман рухтардан қорғайтын махаббат және неке тәңірісі, жалпы түркі жұртының қасиетті

¹³ Тәңір — қос күш соналған Көк пен Күн..

Ұлы Анасы - Ұмай. Ол жөнінде әйгілі «Тоныкөк» жырында:

«Тәңірі Ұмай-Ана,
Киелі Жер-Су
Бізді даңққа бөледі,
Жетістікке жеттік», - деген жолдар бар
(1-ші сурет).



1-ші сурет. Ұмай - ана

Мұнан шығатын қорытынды: арғытүркілерде Тәңірді бәрінен жоғары бүкіл Әлемнің Әміршісі санап, Оған құлшылық ететін, Күнге табынатын діншілдік наным болғанын білеміз. Демек, қарияларымыздың әншейінде «Тәңірге жалын», «Тәңір жарылқасын», «Тәңір алғыр», «Тәңір атқан», «Тәңір жазса» деп айтатын сөздері ежелгі заманан бізге дейін жеткен сияқты.


Сонымен, Күнді пір тұтқан арғытүркілердің алғашқы ханы бәлкім Күн есімді адам болған шығар. Сондықтан қытайлар Күн басқарған көршілерін өз тілінің дыбыстық заңдылықтарына орайластырып «гундар»¹⁴ деп атауы мүмкін. Осы әңгіме қылып отырған «Күн» сөзі тұрасында тағы бір айта кетер маңызды

¹⁴ Түрколог-зерттеушілердің басым көпшілігі гундарды түркі халықтарының арғы тегі деп есептейді.

жайт - қазақ тіліндегі «күн» сөзін түркі тілдес сахалар (якуттар) да «күн» деп айтатындығы [24, 273]. Демек, «күн» деген сөз бізге дейін жеткен ежелгі түркі сөздерінің бірі екені даусыз. Енді осы пікіріміздің дұрыстығын дәлелдеп көрелік. Бағзы заманда Оңтүстік Сібірге қытайлармен көршілес болған арғытүркілердің біршамасы (жоғарыда айтқанымыздай) Батысқа қарай қоныс аударғанда, олардың екінші бір тобы (бүгінгі сахалардың арғы аталары) бізге белгісіз себептерге байланысты Байқал көлінен асып Солтүстік мұзды мұхитқа дейін жетеді. Шындық осылай болғанда ертеде бір өңірді мекендеп, бір тілде сөйлеген бір қауымның екі тобының бір-бірінен ажырасқандарына шамамен 2,5 - 3 мың жыл өтеді, ал олардың соңғы қоныс тепкен жерлерінің арақашықтығы кемінде бес мың шақырым. Сондықтан да бүгінгі қазақ пен саха халықтарының арасында қаншама жыл ешқандай өзара қарым-қатынас болмағаны анық. Дейтұрғанмен, жоғарыда айтқан себептерге қарамастан қазақ пен саха халықтарының тілдеріндегі «күн» деген сөз бір мағынада сақталып қалған.

Жоғарыда айтқанымыздай, Оңтүстік Сібірдегі күн¹⁵ (ғұн) тайпалары бірлестігіндегі адамдардың шамалы бөлігі Алтай өңіріне қоныс аударады. Бұл жерде олар өздерінің негізгі ата-бабалары сақтардың ұрпақтарымен тоғысып, етене бауырласып, тіпті құда-құдандалы болып та сіңісіп кетеді десек те шындыққа жанасады. Сөйтіп, табиғаты тұрмысқа жайлы, суы мол, жері отты Алтай өңірінде сақ пен күн тайпалары бірлестігінің үрім-бұтақтары көп жылдар бірге өмір сүреді. Дегенмен, ондаған жылдар бір мекенде тапжылмай отырған қауымдардың жан бастарының өрбуі мен қолда ұстаған малдарының өрісі тарылуына байланысты олардың алдында, әрине, басқа жаққа қоныс аудару мәселесі тұратыны жалпыға мәлім шындық. Соныменен, арғытүркі тайпалары жұртының Алтайдан ең қолайлы болып саналған батыс бағытта бос жатқан жазық далаға алғаш Ұлы қоныс аударуы

¹⁵ Бұдан әрі “ғұн” деген атау “күн” деп жазылады.



басталады¹⁶. Осы б.з.б. шамамен бірінші мыңжылдықта басталған арғытүркілердің Ұлы қоныс аудару көштері б.з. V ғасырында аяқталады [23, 87].

Енді арғытүркілердің көші-қоны тәртібін әңгіме етелік. Алтайдан әуелгіде, әрине, олардың біразы ғана дүние-мүлікті арбаға тиеп, елде қалып бара жатқан жұртпен қоштасып, Тәңірге сыйынып, малдарын алдына салып, көштің басын Күнбатысқа қарай бұрады. Әлбетте, көштің шеруі көктемде басталғаны анық. Осы көш малдың жайылым-суат жағдайына қарай жүре келіп, күзге салым қазіргі Баянаула өңіріне жетіп тоқтауы мүмкін. Осы жерді олар біршама жыл мекен қылып, содан кейін осында өрбіген сақтар мен күндердің біраз ұрпақтары жүктерін буып, малдарын алдына салып дегендей болып, тағы да Күнбатысқа қарай сапар шегеді. Елсіз-күнсіз кең даламен Батысқа қарай жүре отырып, олардың келесі тұрақты мекен қылған жері бәлкім қазіргі Ұлытау өңірі шығар деп топшылауға болады. Осылай қоныс аударған арғытүркілер жол-жөнекей өздеріне және мал жайылымына жайлы деп санаған жерлерді көп жылдар мекендеп, одан кейін олардың ұрпақтары батыс бағыттан ауытқымай ары қарай көшіп-қонып, ақыры б.з.б. VIII-VII ғасырларда Дунай өзеніне жетеді. Біздің пайымдауымызша, Алтайдан алғашқы көшті бастаған арғытүркілердің Дунайға кем дегенде тоғызыншы, немесе оныншы ұрпақтары жеткен сияқты. Яғни, олар Алтайдан Дунайға дейінгі 4 мың шақырым жерді 300 жыл шамасында жүріп өткен [115, 66]. Ұлы қоныс аудару көшін бастаған Алтайдағы жалпы арғытүркілердің шамалы бөлігінің оныншы ұрпақтары Дунайға жеткенде, ал олардың артта қалған ата-бабаларының көпшілігі қазіргі қазақ жерінде өмір сүріп, өсіп-өрбігеніне еш күмән жоқ.

Арғытүркілердің Ұлы қоныс аудару көшінде бұлжымас заңдылық сақталған. Атап айтқанда, олардың көші әуел баста Темірқазық жұлдызын нысанаға алып, солтүстік ендіктің 50-ші

¹⁶ Мұрад Әджидің түркі халықтарының Ұлы қоныс аударуы б.з. II ғасырында басталды дегені [23,72] тарихи шындыққа жатпайды.

градусы бойымен үнемі Батысқа қарай тура жүріп отырған. Осы бағытпен жүрген олардың көші-қоны желісінің ендік бойындағы шекаралары оңтүстікте Балқаш көлі, Арал, Каспий және Азов теңіздері болса (солтүстік ендіктің 46-шы градусы), ал солтүстікте қазіргі Ресейдің Омбы, Челябині, Тула қалалары (солтүстік ендіктің 55-ші градусы) болған деп топшылаймыз. Сонда олардың көші Алтайдан Дунайға дейінгі жерді ені шамамен 900 шақырым болатын алқаппен жүріп отырған (2-ші сурет). Арғытүркілердің көші Батысқа қарай Челябині қаласы арқылы өткеніне кейінгі кезде анықталған осы облыстағы Қызыл ауданы жерінде орналасқан б.з.б. III-II ғасырларда салынған Арқайымкөне қалалар елі дәлел болады [26, 4].

Арғытүркілердің Алтайдан Дунайға дейінгі кемі үш ғасырлық Ұлы қоныс аудару уақытында жүріп өткен солтүстік ендіктің 50-ші градусы бойындағы ұзындығы 4 мың шақырым жерлерде олардың бірнеше баулы ұрпақтары (рулары, тайпалары) дүниеге келді емес пе? Бұлар жөніндегі біраз деректерді Геродоттың кітабынан оқып, білуге болады [22]. Осы кітапта көрсетілген арғытүркі тайпаларының аттары: аримаспы, исседон, аргиппей, савромат (сармат - С.Ж.), иирк, будин, гелон, андрофага, меланхлен, невр, агафирс, тавр, киммер¹⁷.


Грек тарихшысы Геродот Буг өзенінің Қара теңізге құйылыс саласына орналасқан Ольвия қаласына саяхаттап келіп, жергілікті арғытүркілермен (Геродотша: скифтермен) әңгімелеседі [27, 19-20]. Сондықтан да оның кітабында арғытүркі тайпалары туралы жазылған деректердің көпшілігі тарихи шындыққа жататыны күмән келтірмейді. Енді жоғарыда көрсетілген тайпалардың сол дәуірде қай жерлерді мекендегеніне Геродоттың кітабына және басқа авторлардың еңбектеріне сүйеніп қысқаша тоқталып өтелік.

Аримаспылар¹⁸ Ертіс өзенінің сол жағасындағы өңірді [15, 159, 176; 22, 566], аргиппейлер Орталық Қазақстанды¹⁹ [22, 193, 519] мекендеген деуге болады. Осы тұста аргиппейлер қазақ халқының құрамына кірген арғын тайпасы болуы мүмкін деген ой келеді.

¹⁷ Тайпалардың аттары түгел дерлік грек тіліне ыңғайланып, бұрмаланып жазылған.

¹⁸ Аримаспы - тайпаның жалқы аты емес, тек оның грекше аталуы: "arima" - жалғыз, "spi" - көз, яғни "жалғыз көзді" деп жартылай аңызға айналған тайпа. Олардың бұлай аталуы бет-жүздерін жартылай бояп жүрулеріне байланысты болған. Мұндай әдет Енисей өзені бойын мекендеген ежелгі қырғыз тайпаларында да кең тараған.

¹⁹ Қазақстан - мұндағы "стан" деген сөз көне түркі тілінде "қоныс тепкен жер" деген мағынаны білдіреді.




2-ші сурет. Біздің заманымыздан бұрын басталған арғы-
түркілердің Ұлы қоныс аудару желісі.

Ескерту: Бұл суретте арғытүркілердің Ұлы қоныс ауда-
ру желісі солтүстік ендіктің 50-ші градусы бойымен салынған
тікбұрышты қара сызықпен көрсетілген.

Геродот, әлгінде айтқанымыздай, Ольвия қаласына келеді, бірақ оның бұл қаладан асып шығысқа қарай, яғни қазіргі қазақ даласына, бармағаны белгілі. Солай болғанда ол аримаспы, исседон және аргиппей тайпалары жөніндегі деректерді тек Ольвия қаласында тұрған адамдардан ғана естіген боп шығады. Сол себептен ол ауызекі әңгімеден «арғын» атауын қате «аргиппей» деп жазып алуы ықтимал. Дегенмен, Геродот жазған «аргиппей» мен қазақша «арғын» сөздерінің алдыңғы төрт әріптері айна қатесіз бірдей екені байқалады. Егер Геродот қағыс естіп жазған «аргиппей» атауына жорамал жасасақ, онда ол «н» әрпін «п» әрпіне ауыстырып жібергенге ұқсайды. Ал сөз соңындағы «пей» - эллин²⁰ орфографиясында қолданылатын жалғау. Аргиппейлердің арғытүркі нәсілдес екенін Геродот кітабындағы мына бір деректен де аңғаруға болады. Ол аргиппейлердің көп тұқымды бақажапыраққа ұқсас өсімдіктің шырынын асқа пайдаланатынын айта келіп, былай деп жазады: «Спелый плод выжимают через ткань, и из него вытекают черный сок под названием «асхи». Сок этот они (аргиппейлер - С.Ж.) лижут и пьют, смешивая с молоком. Из гущи асхи готовят в пищу лепешки» [22, 193]. Асхиді ерте заманнан бері Қытаймен көршілес болған жоңғарлар да сүтке қосып ішеді екен. «Асхи» сөзін көне түркі тіліндегі «ачуг» (ащы) сөзімен салыстыруға болады. Қазіргі башқұрт халқында осы сөзге ұқсас «ахша» деген тағам бар [22, 519]. Әрине, аргиппейлер пайдаланған өсімдік шырынының дәмі ащы болғаны, сондықтан одан жасалған тағамды олардың «ащы» деуі шындыққа жанасатын сияқты. Демек, Геродот өзі білмейтін «ачуг» сөзін «асхи» деп жазып жіберген деудің де жаны бар. Осыдан шығатын қорытынды: қазақ тіліндегі «ащы» деген сөз де ежелгі түркі сөзіне жатады.

Арғындардың ежелгі күндердің ұрпақтары екенін және олардың біздің жыл санауымыздан арғы заманда болғанын В. В. Бартольд, А.Н. Бернштам, Әлкей Марғұлан, т.б. ғалымдар да айтады [29, 5-9]. Осы пікірді қазақ тарихының білгірі Сәбит Мұқанов та жақтайды [18, 13]. Сонымен бірге арғын тайпасының б.з.б. ғасырларда болғандығын сол дәуірден қалған жер-су атаула-

²⁰ Эллин — грек халқының өздерінше атауы.



рынан да аңғаруға болады. Мысалы, Оңтүстік Сібірдегі Амур өзенінің тармағы Аргунь, Солтүстік Қытайдағы Аргунь (Гэньхэ) қаласы және Ұлытаудағы Арғынаты тау тізбегі бар.

Осы орайда «арғын» этнонимінің²¹ этималогиясына²² келетін болсақ, меніңше, бұл атаудың бірінші компоненті «ар» - ежелгі түркі сөзі: қазақша мағынасы - «алғы» (орысша: передовой) деген сөзге келеді. Осы сөз жөнінде орыстың белгілі жазушысы, этнографы В.В. Дальге (1801-1872 жж.) сүйенсек, ол «арь» деген сөзді «передовая часть каравана» (керуеннің алғы шебі) деп түсіндіреді [31, 26]. Ал аталмыш этнонимның екінші «ғын» компоненті, әрине, «күн» деген сөз екенін пайымдап қана білуге болады. Сонда бұл атаудың мағынасы - «алғы күн» деген сөз тіркесі. Сонымен, ежелгі заманда күн тайпалары бірлестігінің керуені мен әскерінің үнемі алдыңғы сапын басқарған адам, яғни жолбасшы (орысша: предводитель), «аркүн» (алғы, немесе басшы күн) деп аталуы мүмкін. Кейін осы жолбасшыдан өсіп-өрбіген ұрпақтардан құралған тайпаның этнонимі де «аркүн» деп аталған сыңайлы.

Ежелгі түркі тілінің түп нұсқасында «аркүн» деп айтылған сөздің соңғы тұйық буынды күн компоненті кейін уақыт өте келе оны қыпшақ тілінде ашық буынға айналдыратын ы әрпінің қосылуына байланысты жұмсақ к дыбысы қатаң з дыбысына өзгеруінің нәтижесінде жаңа мәнсіз арғын атауы шыққан деп пайымдауға болады. Осы орайда, мынадай түсініктеме бере кеткен жөн деп есептеймін: Шындығында, қазақ тілінде арғын атауы ешқандай мағынаны білдірмейді. Сонымен бірге, әу баста қай тілде болмасын мәнсіз сөз айтылмайтынын да ескеруіміз керек. Демек, аталмыш этнонимнің бірінші буыны мәнді ар болғанда, ал соңғы буыны мәнсіз ғын түріне айналуынан өзгеріске ұшыраған күн сөзі екені ап-анық көрініп тұр емес пе? Осы арғын сөзі сияқты мәні жоқ этнонимдер мен топонимдер бүгінгі қазақ тілінде жиі кездесетіні күмәнсіз ақиқат.

Енді, сәл шегініс жасап, Геродот кітабында аталған арғытүркі тайпаларының б.з.б. ғасырларда мекен еткен жерлерін төмендегі

²¹ Этноним - ру, тайпа, халық аты.

²² Этимология - жеке сөздің шығу тегі.


кестеге жинақтап көрсетеміз.

Тайпалардың аттары	Тайпалардың б.з.б. VIII-V ғасырларда мекендеген жерлері
Савромат (сармат)	Еділ мен Дон өзендерінің төменгі ағысы
Будин	Дон өзенінің сағасы
Гелон (будиндермен тектес)	Дон өзенінің бас жағы
Андрофага	Шамасы қазіргі Украинадағы Киев және Чернигов облыстарының жерлері
Меланхлен	Днепр өзенінің шығысынан Азов теңізіне дейінгі жер
Невр	Днепр және Припять өзендерінің бас жақтары
Агафирс	Дунайдың төменгі сағасы мен оның сол жақ тармағы Прут өзенінің батысы
Аргиппей	Орталық Қазақстан
Аримаспы	Ертіс өзенінің сол жағасы
Иирк ²³	Еділ мен Жайық өзендерінің аралығы
Тавр	Дунайдың сағасынан Қырымдағы Керчь бұғазына дейінгі жер
Киммер (қазақша кемер)	Б.з.б. VII ғасырда Каспий теңізінің шығыс жағалауы, одан кейін Кубань өзенінің бойы, Керчь түбегі ²⁴ және Қара теңіздің батыс жағалауы

Геродоттың кітабында көрсетілмеген арғытүркілердің бір тайпасы орыстың тарихи әдебитінде «аорс» деп аталады. Аорстар б.з.б. IV ғасырда Каспий мен Арал теңіздерінің солтүстігін мекендеген [14, 715, 716, 85; 12,5-ші карта]. Римдық жазушы,

²³ Ииркілерді орыс ғалымдарының кейбірі ерте кезде Орал тауы өңірінде өмір сүрген мадьярлардың арғы аталары болуы мүмкін десе [22,565], ал академик В.В.Латышев (1835-1921 жж.) пен қазақ ғалымы А.Әбдрахманов бұл тайпаның аты Геродот жазғандай иирк емес, түрк екендігін айтады [32,23]. Бұл атаулардың өте ұқсастығына қарағанда Әбдрахмановтың пікірімен толық келісуге болады. Ендеше, б.з.б. V ғасырда Еділ мен Жайық аралығында түрк атты тайпаның өмір сүргеніне де көңіл аудару керек сияқты.

²⁴ Қырымдағы қазіргі Керчь бұғазын ежелгі гректер “Боспор Киммерийский” деп атаған [109,553].



ғалым Үлкен Плинийдің (23-74 жж.) пікірі бойынша аорстар мен ииркілер тектес, яғни арғытүркілер болған [25, I-ші томның 10-шы ескертпесі].

Геродоттың кітабында «Оар» деген өзеннің аты кездеседі [22, 218]. Осы өзеннің аты жөнінде орыстың тарихшысы, географы П.И. Рычков (1712-1777 жж.) оның «Оар» емес, «Ор» екендігін және бұл атаудың орысша «перекоп» (қазылған ор, шұңқыр) мағынасындағы көне түркі сөзі екенін дәлелдейді [33, 2]. Ор сөзінің көне түркі тілінде «апан», «сай», «жыра», «жырашық» деген мағына беретіндігін жазушы, ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов те айтады [116, 26]. Сайып келгенде, «аорс» пен «оар» атауларының өте ұқсастығы осы әр түрлі жазылған екі сөздің негізінде ежелгі түркі тіліндегі «ор» деген сөздің бары ешбір күдік тудырмайды. Демек, ежелгі заманда «Ор» деп аталған қазіргі Ақтөбе облысындағы өзенді Геродот қате түрде «Оар» деп жазса, ал орыс тарихшылары осы өзеннің маңайын мекендеген арғытүркі тайпасын «аорс» деп қате жазып жіберуі әбден ықтимал. Сонымен, қазіргі қазақ тіліндегі «ор» деген сөз де ежелгі түркі сөзіне жатады.

Енді жоғарыда айтылғандарды түйіндеп айтсақ: Арғындар б.з.б. V ғасырдың соңына дейін, яғни Геродоттың өмір сүрген кезінде, Еуропа жеріне аяқтарын баспаған. Олар, меніңше, Еуропаға Еділ (Аттила)²⁵ патшамен бірге б.з. V ғасырының ортасына таман келген.

Жоғарыда берілген таблица мен 2-ші суреттен арғытүркі тайпаларының бәрі дерлік біздің жыл санауыздан бұрын мекен еткен жерлері солтүстік ендіктің 50-ші градусы бойында жатқанын байқауға болады. Кейін осы ендіктің алқабынан төмен оңтүстікке таман 43-36-ші градустар бойындағы жерлерге қаспи²⁶, дах (даи), массагет, үйсін, қаңлы, т.б. тайпалар қоныс аударады. Мұны белгілі қазақ тарихшылары да растайды [34, 43; 35, 401].

Ежелгі Персияның патшасы I Дарий заманында каспи тайпа-

²⁵ Бүгінде кейбір тарихшылар Аттиланы Мүнжық ханның баласы Оттылы деп жазып жүр

²⁶ Каспий теңізі осы тайпаның атына байланысты аталған.

сы қазіргі Каспий теңізінің оңтүстік жағалауындағы Эльбрус тау жоталарын [22, 568; 36, 298], ал дах (даи) тайпасы Каспий теңізінің шығысында солтүстік ендіктің 40-шы градусынан төмен жатқан жерді (шамамен қазіргі Түркіменстанға қарасты Каспий теңізі жағалауы) мекен еткен [14, 172; 35, 234].

Аорс тайпасынан бөлінген «массагеттер» деп аталатын тайпалар тобы б.з.б. VII ғасырда Каспий теңізі сырты мен Арал теңізінің оңтүстігін мекендейді [12,5-ші карта].

Біздің жыл санауымыздан арғы заманда аорстармен генетикалық байланысы бар көшпелі «аландар» деп аталатын тайпалар бірлестігі пайда болады [14, 16]. Аландар б.з.б. II ғасырда Каспий мен Арал теңіздері аралығынан Ырғыз өзеніне дейінгі кең алқапты [16, 104], содан кейін б.з. II-IV ғасырларында Дон өзені мен Кавказдың солтүстік өңіріне дейінгі жерлерді мекендейді [14, 632, 716, 784; 12, 14-ші карта]. Қазіргі осетиндер аландардың үрім-бұтағы болып саналады [37, 242]. Ал аландар аорстардан тараған [25, 7].

Ежелгі замандағы грек тарихшыларының каспи, дах (даи)²⁷, массагет тайпаларын сақтарға жатқызуларына қарағанда, меніңше, аорстар да сақтармен тектес болады [22, 568, 575; 14, 172]. Б.з.б. II ғасырда каспилер мен дахтар (даилер) массагеттермен қосылып кетеді [14, 425; 22, 125, 505].


Исседондардың бір бөлігі б.з.б. II ғасырда Амудария мен Сырдария өзендерінің аралығына қоныс аударып, жергілікті массагеттер тайпалары бірлестігенің құрамына енеді [32, 29, 30; 12,5-ші карта] ал исседондардың екінші бөлігі-үйсін тайпасы²⁸ біздің жыл санауымыздан шамамен 300 жыл бұрын Жетісу аймағын мекендейді.

Үйсіндердің исседондармен тектес екенін әйгілі ғалым Е.С.Малов және т.б. орыс тарихшылары да айтады [43, 63; 35, 401]. Сонымен бірге, үйсіндер-аландар мен сарматтардың негізгі ата-бабалары [16, 99].

Үйсіндерге қатысты ежелгі қытайдың жазбаларында бірқыдыру құнды деректер бары қазірде жиі айтылыы жүр.

²⁷ Дах (даи) — Кіші жүз құрамындағы адай тайпасы болуы ықтимал

²⁸ Үйсін сөзі қытай жазбаларында усунь, орыс әдебиетінде усынь болып жазылады.



Қытайдың тарихи жылнамалары бойынша үйсіндер туралы әзірге алғашқы деректер б.з.б. II ғасырдың орта шенінде белгілі бола бастайды. Үйсіндер б.з.б. II ғасырдан б.з. V ғасырына дейін қазіргі Қазақстан жеріндегі алғашқы тайпалық қуатты мемлекетті²⁹ құрады [16, 99; 36, 124, 125; 38, 401]. Сол кезде олар өздерімен тектес сақ тайпалары ішінде аса ықпалды күшке ие ірі тайпалар бірлестігі (одағы) ретінде танылады.

Көне қытай тарихшысы Бан Гудың б.з.б. 206 жылдан б.з. 23 жылына дейінгі дәуірдегі Хань әулетінің билік тарихын баяндайтын «Ханнама» атты кітабының Үйсін мемлекеті туралы тарауында: «Ұлы Күнбидің³⁰ астанасы Қызылқорған қаласы, Чаң-аннан 8 мың 900 шақырым шалғай, түтін саны 120 мың, жан саны 630 мың, әскері 188 мың 800. Уәзір, мәртебелі қазына істер бегі, оң-сол қолбасы қатарлылардан екіден адам, сұлтан үш адам, қолбасы, тұтық бек қатарлылар бірден адам, орда төресі екі адам, атты әскер басы бір адам, шығысындағы тұтық қарауыл мекемесі қарауына дейінгі аралығы бір мың 721 шақырым, шығыс жағындағы қаңлы елінің астанасы Битянға баратын жолы 5 мың шақырым. Жері ұлан-байтақ кең әрі жазық, жауын-шашыны көп, ауа райы суық, тауларында қалың қарағай өседі. Егіншілікпен шұғылданбайды. Малмен бірге жайылым-суат жағдайына қарай көшіп жүреді. Әдет-ғұрпы нұндарға ұқсайды. Бұл елде жылқы көп, байларында 4-5 мың жылқы болады. Халқы қайсар, батыр келеді. Сенімсіздік істегендерге қатты өшігеді. Ұры-қарысы көп, ең күшті мемлекет, бұрын нұнға бағынышты болған. Кейін күшейді де, оның бұғауынан құтылап, оған бағынбайтын болды. Шығыс жағы нұндармен, батыс-солтүстігі қаңлымен, батыс жағы Ферганамен, оңтүстігі қалалық мемлекеттермен шектеседі. Бұл жер әсілі сақтар қоныстанған орын еді», - деп айтылады

²⁹ Мемлекеттің анықтамасы: Оның аумағы, онда тұратын халқы, осы халықта басқаратын елбасы (хан, патша) және оның қызметкерлері, елін қорғайтын әскері мен еліне қызмет ететін заңдары болуы тиіс.

³⁰ Күнби (қытайша: Гуньми) - Үйсіндердің ең жоғарғы билеушісінің аты. Үйсіндер де өздерінің елбасын Күн атымен атап, оны Күн сияқты құдыретті билеуші деп таныған. Бұдан олардың да Күнге табынатын халық екендігін аңғаруға болады. Осы атаудағы "би" деген сөз де қазіргі қазақ тілінде бар көне түркі сөзіне жатады.

[115, 47]. Осы орайда тағы бір айта кетер маңызды жайт - б.з.б. III ғасырда үйсіндерде руника алфавитіндегі жазу болғандығы. Оған Талас бойынан табылған үйсіндердің жазба ескерткіштері нақты куә. Бұдан басқа бұл жайды растайтын б.з.б. 64 жылы үйсін күнбиі Қытай императорына хат жібергені туралы жоғарыда айтылған «Ханнама» атты кітапта дерек бар [115, 50].

Үйсіндер қазақ ұлтының басты этникалық қайнары болып саналады. Бұл тайпаның ұрім-бұтағы қазақ халқы арасында күні бүгінге дейін де жалғасты түрде өмір сүріп келеді. Іле және Жетісу өңірлерін бағзы заманнан мекендеп келген албан, суан, дулат, жалайыр деген рулардың арғы аталары да үйсін тайпасынан тарайды.


Ежелгі заманнан Қазақстанның оңтүстігін мекен еткен көне арғытүркі тайпаларының бірі-қаңлы (кангюй)³¹. Қаңлылар - қазақ халқының қалыптасуына негіз болған ежелгі арғытүркі тайпаларының бірі. Б.з.б. II ғасырдың ортасынан б.з. XIII ғасырына дейін Қаратау мен Амудария және Сырдария алқабы аралығында тайпалық Қаңлы мемлекеті өмір сүрді [115, 53, 58]. Осы мемлекеттің орналасқан жерлеріне қарағанда қаңлылар массагеттердің бір бөлігі деуге болады. Б.з.б. 136 жылы қытайдың атақты саяхатшысы Чжан Цянь Қаңлы мемлекетінде болып, қаңлылар туралы біраз деректер жазып қалдырған [14, 505].

Ендігі атап өтер бір нәрсе, Геродоттың кітабында аталмаған арғытүркі тайпаларының бірі-дин-лин³². Бұл тайпа б.з.б. екінші мыңжылдықтың соңында Қытайдың солтүстігінде қазіргі Монғолия жерін қоныстаған, күн тайпаларымен көршілес өмір сүрген. Дин-линдер Қытайдың Шань (Инь) династиясының құл иелену негізіне құрылған мемлекетінен³³ мәдениеттің әр алуан түрлерін және қола құю өндірісін үйренеді [15, 458]. Б.з.б. 201 жылы дин-линдер күндердің тегеуріне қарсы тұра алмай,

³¹ Қаңлы - түпкі түбірі "қаңқ" сөзі "әке" деген мәнді білдіреді [110,82].

³² Дин-лин - кейін бұл тайпадан угро-фин нәсілдері тарайды.

³³ Бұл мемлекет б.з.б. XVIII-XII ғасырларында билік құрды.



Саян-Алтайда жеңіліске ұшырап, Байқал көлінің батысына ойысқан (2-шы суретті қараңыз). Б.з. III ғасырының ортасында олар үйсін мен қаңлы жерінің солтүстігін, яғни солтүстік - батыс және Орталық Қазақстанды мекендеген. Олардың ұрпақтары мадьярлардың (венгр халқының) этногенезіне де тікелей қатысқан [117, 581 - 582].

Б.з.б. VIII - V ғасырларда Шығыс Еуропа жерлерін, атап айтқанда Дунай өзенінің төменгі сағасын, Қара және Каспий теңіздерінің солтүстік аймақтарын мекен еткен көшпелі арғытүркі қауымдары грек жазбаларында, оның ішінде Геродоттың «Тарих» атты кітабында [22] «скифтер» деп жазылғаны көпшілікке белгілі. Геродоттың аталмыш кітабын орыс тіліне дайындаған бұрынғы Кеңес үкіметі Ғылым академиясының ғалымдары скифтерге мынадай қате анықтама береді: «Скифы кочевые, народность иранского племени, по нижнему течению Дуная и к северу от Черного и Каспийского морей» [22, 588]. Шынында скифтер иран тілді емес, түркі тілді халық болған [23, 20; 39, 106].

Бұл жерде бір нәрсенің бетін аша кеткен дұрыс сияқты. Ол - кейбір ғалымдар скифтерді тек сақ тайпалары бірлестігі деп санайды. Бұл пікір, меніңше, дұрыс емес, шынында да скифтердің құрамында арғы тегі бір сақтар мен күндердің тайпалары болған. Сонымен бірге, жоғарыда айтқанымыздай, бір кезде сақтардың бір бөлігі Алтайдан Оңтүстік Сібірге қоныс аударып, мұнда олардан күн тайпасы пайда болғанын, одан кейін осы күндердің біразы Алтай өңіріне қайта қоныс аударғанын еске алу керек.

Скифтердің құрамындағы рулар³⁴, тайпалар және тайпалық бірлестіктердің әрқайсысының түркі тілінде аталатын жалқы этнонимдік атаулары болғаны анық. Өкінішке орай, ол атауларды енді біздің білуіміз неғайбіл. Оларға қазіргі бізге белгілі атауларды басқа жұрттар берген.

«Скиф» деген атау жеке атаның, не бір ру мен тайпаның, не бір ұлыстың (бірлестіктің) жалқы аты емес, Еділ мен Дунай өзендерінің аралығындағы кең даланың әр жерлерінде

³⁴ Ру — 10-ші атадан тараған үрім-бұтақ тобы.

арғытүркілерден (сақтар мен күндерден) өніп-өскен ондаған көп тайпаларға гректердің қойған жалпы атауы. Шынын айтқанда, «скиф» деген атау - эллиндердің³⁵ мифтік құдайы Зевстің баласының аты.

Скифтер бір түркі тілінде сөйлеседі бір тұтас халық болмаған. Олар - көптеген тайпалардың құрамы. Міне, бүгінгі шындық осы.

Геродот «Тарих» деп аталатын әйгілі еңбегіне скифтер туралы қажетті материал жинастыру мақсатымен Ольвия қаласына сапарлап келгені жоғарыда айтылды. Сондықтан ол Шығыс Еуропа жерін мекендеген скифтердің шаруашылығын, тұрмыс-салтын, киім-кешегі мен әдет-ғұрпын өз көзімен көрсе, ал Еділдің сыртындағы, яғни Батыс Азиядағы арғытүркі тайпаларына қатысты мәліметтерді Ольвиядағы грек және скиф тұрғындарының аузынан естігенін жазып алады. Осы мәліметтердің барлығы оның кітабы арқылы бүгінде бізге жетіп отыр. Алайда ол Батыс Азияда өзі болмағандықтан оның кітабындағы азиялық арғытүркі тайпаларына байланысты мәліметтер көбіне екіұшты болып, тіпті кейбір деректер аңыз сарынында жазылған.

Енді бір айта кететін жайт, Геродот аталмыш кітабында арғытүркі тайпаларының (скифтердің) нақты аттарын жазбай, оларды өзінше атайды. Мысалы, «агафирс» және «гелон» деген этностық атаулар - Гераклдің³⁶ балаларының аттары, ал «тавр» - гректердің Қырым түбегіне «Таврия» деп қойған атауына сәйкес алынған. Тек Қара теңіз жағалауында тұрған арғытүркілерді [22, 501] ғана гректер «киммерийцы»³⁷ деп дұрыс атаған (3-ші сурет). Осы кемерліктер туралы ұлы Гомер өзінің «Одиссея» деп аталатын эпопеясында былай жырлайды [40, 136]:


*«Скоро пришли мы к глубокотекущим водам океана;
Там киммерян печальная область, покрытая вечно
Влажным туманом и мглой облаков; никогда не являет»*

(он бірінші жырдың 13-15 жолдары). Гомер «Илиада атты кітабында да кемерліктер туралы едәуір мәліметтер береді.

³⁵ Эллиндер - ежелгі Элладаның (қазіргі Грекияның) тұрғындары.

³⁶ Геракл - Зевстің баласы.

³⁷ Киммерийцы - қазақша: кемерліктер. Бұл атау теңіз кемерінде тұратындар деген түсінікті білдіреді. Бұдан бүгінгі қазақ тіліндегі «кемер» деген сөздің ежелгі түркі тілінен қалған көне сөз екенін білеміз.



3-ші сурет. Біздің эрадан арғы VII ғасырдан біздің эраның
I ғасырына дейінгі Орта Азия мемлекеттері мен тайпалары.
Масштабы: 1см — 200 шақырым.

Кейін кемерліктердің біразы Кіші Азия мен Алманияға (Германияға) ауады. Сонда қазіргі Германиядағы немістердің де қанында арғытүркілердің қаны бар деуге болады.


Скифтер³⁸ заманы - ежелгі Шығыс Еуропа тарихының жарқан дәуірі. Бұл дәуірде скифтердің сегіз ғасырлық қоғамдық дамуында көптеген айта қаларлықтай өзгерістер болғаны белгілі. Солардың ішінен төрт жағдаятты ерекше атап өтуге болады. Олар - көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің өркендеуі [38, 120, 124 - 128] және темірді кеңінен игеру мен әлеуметтік құрылыста әскери демократияның пайда болуы секілді аса маңызды шаралар. Скифтер дәуірі жалпы еуропалық өркениеттің қалыптасуына орасан зор үлес қосқан Грекия мемлекетінің пайда болуы мен даму кезеңіне тұспа-тұс келеді.

Скифтер гректермен тығыз байланыста болды. Алайда олар өздерімен көршілес Еуразия бөлігінде ғұмыр кешкен халықтарға гректердің мәдениетін таратушы есебінде болуымен ғана тарихта із қалдырған жоқ. Олар өздері де Шығыс Еуропа мен Батыс Азияның ұлан-ғайыр кеңістігіне ықпалы болған сол заманға сәйкес едәуір жоғары деңгейдегі мәдениетті құрды [38, 166 - 184].

Скифтердің б.з.б. VII ғасырда құл иелену негізіне құрылған мұрагерлік патша билігі б.з. III ғасырына дейін сақталды. Скифтер көші-қон, сауда-саттық, соғыс-бітім сияқты маңызды мәселелерді қауым болып ақылдаса шешіп отырған. Жеке аймақтар тайпалар көсемдері арқылы басқарылып, скифтер патшасына алым-салық төлеп тұрған. Б.з.б. IV ғасыр, әсіресе Атей патшаның кезі, скифтердің ең дәуірлеген алтын ғасыры болды. Геродот кітабында скиф тайпалары бір тілде сөйлеген деп жазылған деректің қазірде шындық екені анықталып отыр [14, 149]. Алайда Шығыс Еуропаны қоныстанған скифтердің өз жазуы болмады.

Б.з.б. V ғасырдың басынан скифтер патшалығы біртіндеп құлдырай бастайды. Әлсіреген скифтер мемлекетінің құрамындағы тайпалар бірінен соң бірі басқа көршілес патшалықтардың қол

³⁸ “Скифтер” деген сөзді бұдан әрі құрамында сақтар мен күндер бар арғытүркі тайпалары екендігін қаперге алу керек.



астына қарап кетеді. Ақыры б.з.б. II ғасырдың аяғына таман скифтер державасы тарихи аренадан мүлдем жоғалып кетеді. Алайда скифтердің ұрпақтары, «басқарушы кетсе де халық орнында қалады» демекші, әрі қарай өмір сүруді жалғастыра береді.

Скифтер әңгімесі соңында айтарымыз: 800 жылға жуық кезеңді қамтыған олардың Алтайдан Дунай атырабына дейін созылып жатқан Ұлы Далада билік құрған заманындай аса ұзақ кезең адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмегені анық.

Солтүстік ендіктің 50-ші градусы бойындағы жерлерден бүгінгі Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияға қоныс аударған қаспи, дах (даи), массагет, үйсін, т.б. арғытүркі тайпаларын тегіс ирандықтар «сақтар» деп атаған [39, 20; 14, 169]. Сондай-ақ олар Шығыс Еуропадағы скифтерді де сақтарға санайды. Мысалы, Геродот: «Персы ведь всех скифов зовут саками», - деп жазады [22, 333]. Сақтар мен скифтердің бір тектес тайпалар екендігі турасында белгілі тарихшылар С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов былай дейді: «Действительно, не только среднеазиатских, но и причерноморских кочевников, тех самых, кого греки именуют скифами, царь Дарий в надписи из Накши Рустам называет сака парадрайа, т.е. «заморскими саками»» [41, 32].

Алдыңғы Азиядағы парсылардың тастағы сына тәрізді жазуларында сақ аты ахеменидтер³⁹ жазбаларынан көп бұрын пайда болады [14, 69; 1, 32]. Ахеменидтер жазбаларында сақ аты соншама көп кездеседі [41, 32]. Осы деректерге қарағанда Орта Азиядағы арғытүркі тайпалары тілдері өздеріне біршама жақын соғдыларға⁴⁰ көршілес қоныстанғанда олармен қарым-қатынаста «біз сақпыз» деп танысқанға ұқсайды. Демек, Орта Азиядағы арғытүркілер өздерін «сақпыз» деп санаған. Бұл жөнінде С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов мынадай пікір білдіреді: «После расшифровки надписи Ашшурбанапала⁴¹ стало ясно, что персы не выдумали имя своих кочевых соседей, а использовали их самоназвание причем не племенное, а общее для всех кочевых племен,

³⁹ Ахеменидтер — көне парсы еліндегі негізін II Кир патша салған әулеттің аты.

⁴⁰ Соғды тілі парсы тілдері тобына жатады.

⁴¹ Ашшурбанапала — б.з.б. 669-631 жылдардағы Ассирия патшасы.

соседствующих с персами в Средней Азии и на Ближнем Востоке и говорящих на родственных древнеперсидскому иранских языках. К этому кругу племен принадлежали и киммерийцы⁴², и причерноморские скифы, которые, по словам Геродота, «пришли из Азии» [41, 33].


Жоғарыда аталып өткен «каспи», «үйсін», «дах» («даи») және «массагет» деген этностық атаулар бұларға көрші елдер мен сол кездегі тарихшылардың қойған аттары. Мысалы, Каспий⁴³ теңізінің маңайындағы арғытүркі жұртын сыртқы елдер каспилер деп атаған. Эллин және парсы тілдерін жақсы білген Вавилон елінің абызы, тарихшысы, астрономы Берос II Кир патшамен соғысқан тайпалардың бірін даилер (дахтар) депті [41, 36]. II Кир патшаның әскерін Амудария өзенінің сол жағасында талқандап, оның басын кесіп алған әйел патша Тұмар⁴⁴ (шамамен 570-520 жж.) басқарған тайпаларды Геродот жүз жылдан кейін массагеттер деп атайды [41, 35]. Геродот массагеттерді киімдері мен тұрмыс қалпы жағынан скифтерге жақындатып, «иные считают их также скифским племенем», - деп жазады [22, 75]. Ал грек саяхатшысы Страбон сақтарды «азиялық скифтер» дейді [34, 618]. Сонымен, қорыта айтқанда, Каспий теңізі мен Амудария аралығын мекендеген «массагет» деп аталатын бірнеше тайпалардың қуатты жауынгер бірлестігі сақтардан тұрған.

Сақтар туралы атақты ежелгі грек ақыны Эсхил және көне заман ғұламасы Эфор да өте қызықты деректер жазып қалдырған. Геродот өз шығармасында массагеттер туралы мынадай нақты мәліметтер береді: «Массагеты носят одежду, подобную скифской, и ведут похожий образ жизни. Сражаются они на конях и в пешем строю (и так и этак). Есть у них обычно также луки, копья и боевые секиры. Из золота и меди у них вещи. Но все металлические части копий, стрел и боевых секир они изготовляют из меди, а головные уборы, пояса и перевязи украшают

⁴² Кемерліктер б.з.б. VII ғасырда Окс (Амудария) өзенінің солтүстігін мекендеген [22,501]

⁴³ Көне заманда бұл теңіз осылай аталған

⁴⁴ Тұмар — эллинше Томирис.



золотом. Так же и коням надевают медные панцири, как нагрудники. Уздечки же, удила и нащечники инкрустируют золотом. Железа и серебра у них совсем нет в обиходе. Зато золота и меди там в изобилии» [22, 79]. Сақтар темірді өңдей білгенмен, Геродот жоғарыда айтқандай, мыс пен алтынды және қоланы пайдалануды артығырақ көретіндігін Қазақстанның әр жерлерінен археологиялық қазбалардан табылған заттар да растайды. Солардың нақтылы бір мысалына Алматы маңынан табылған әйгілі «алтын адам» сауыты жатады.

Үйсін атауының этимологиясы хақында тарихшылар арасында әр түрлі пікірлер бар. Мәселен, солардың бірі - «усун» атауы ежелгі түркі тілінде «өзен» деген сөз [44, 280]. Бұған қарағанда әу баста үйсіндер Ертіс өзенінің жағасында өмір сүрген деп пайымдауға болады.

Орта Азия мен Қазақстан жерлерін мекендеген сақтар ерте заманда үш түрлі топқа бөлініпті. Мысалы, Накширустамдағы (Персепольдың маңында) І Дарий патшаның сына жазуларында мынадай сақтардың бары аталады: Хаумаварга-сақтары (діни салт бойынша хаома өсімдігінің жапырақтарымен мас болатын сақтар), тиграхауда-сақтары (шошақ төбелі бөрікті сақтар) және тияйтарадарайя-сақтары (теңіздің ар жағындағы сақтар). Бұлардың біріншілері Фергана аймағын, екіншілері Сырдария мен Жетісу өңірлерін және үшіншісі Каспий мен Арал теңіздерінің солтүстігін мекендеген [118, 18].

Шошақ бөрікті сақтар туралы Геродот: «Саки же (скифское племя) носили на головах высокие островерхие тюрбаны, плотные, так что стояли прямо», - деп жазады [22, 332]. Осы шошақ бөрікті сақтардың анық болғандығын мына дерек растайды: «Қытайдағы Құлжа қаласының шығысындағы Абыралы тауының бөктеріндегі Күнес өзенінің оңтүстік жағасында жүргізілген археологиялық қазындыдан шошақ бөрікті сақ батырының мүсіні шығады [115, 49].


Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген сақтарда дамыған әскери - тайпалық демократия құрылысының шеңберінде құл иеленуге негізделген әлеуметтік қатынастар пайда болады. Со-

нымен қатар сақ тайпалары өздерімен көршілес елдерге тек әскери белсенділігін ғана көрсетіп қоймай, олардың шаруашылығы мен мәдениетінің, оның ішінде әсіресе қолданбалы көркемөнердің дамуына да елеулі ықпал еткені тарихтан белгілі. Тарихи мәліметтер бойынша Орта Азия мен Қазақстандағы сақтардың бұдан 2300-2500 жыл бұрын төлтума руника алфавитіндегі жазуы да болған. Оған қазірде «алтын адам» аталған сауыттың жанынан табылған күміс тостағандағы жазу дәлел. Өкінішке орай, бұл жазудың мазмұны әзірге анықталған жоқ.

Тарихшылар анықтағандай алғашқы Күн мемлекеті б.з.б. XII ғасырда құрылады [44, 24]. Бұл мемлекет б.з.б. III ғасырдың бірінші жартысына дейін Ұлы Қытай қорғанынан Байқал көліне дейінгі және шығыс бойлықтың 95-112-ші градустары аралығындағы (шамамен 1300 шақырым) жерлерге иелік етті. Ал б.з.б. III ғасырдың бірінші жартысында 24 тайпалардың одағы негізінде құрылған бірінші ірі Күн мемлекетінің қол астына қараған жерлердің көлемі сол заманның II ғасыры басында Байқалдан Тибетке дейінгі және ежелгі Шығыс Түркістаннан Хуанхэ өзенінің ортаңғы ағысы аралығын (шамамен 3500 шақырым) қамтыды [12, 440, 442]. Осы Күн мемлекетінің шарықтау кезеңі б.з.б. 209 жылы билік басына келген саяси және әскери қабілеті күшті Мүде шаньюйдің⁴⁵ кезінде болды [46, 17]. Ол Қытай империясының Срдос аймағын жаулап алды. Сол заманның 204-205 жылдары Күн мемлекеті көп халық мекендеген ұлан-байтақ жерді иеленіп, қажет болғанда 300 мың әскер қоюға мүмкіндігі болды [17, 27]. Ордосты б.з.б. 127 жылы қытай қолбасшылары Вэй Цин мен Хо Цюйбин күндерден қайтарып алып, Хуанхэ өзені иреңдерінің солтүстік жағаларына мықты бекіністер салады [12, 505]. Осыдан кейін де күндер оқтын-оқтын Қытай жеріне шабуыл жасаумен болды.

Жалпы, бүгінде скифтер мен сақтар туралы жазылған ғылыми еңбектер өте көп. Сондықтан олар жайындағы әңгімені аяқтауға тура келеді.

⁴⁵ Шаньюй (қытай сөзі) — ел басы, патша.



Енді сөз соңында «скиф» және «сақ» этнонимдері туралы жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды:

1. «Скиф» деген этноним арғытүркі тайпаларына гректердің қойған жалпы жиынтық лақап аты.

2. Скифтер қауымдастықтары ішінде әрқайсысының өзіне тән аты бар көптеген тайпалар болған. Ал әр тайпаның құрамы бірнеше рулармен қалыптасқан. Бұл ру-тайпалардың көпшілігінің аттары бізге беймәлім.

3. Алтайдан шыққан арғытүркі тайпалары өздерін «сақпыз» деп санаған.

4. Сақтардың бір бөлігі бағзы заманда Алтайдан қоныс аударып, Оңтүстік Сібірді мекен қылған. Бұларды қытайлар «гун» (түркіше: күн) деп атаған. Кейін гундардың (күндердің) бір бөлігі Алтайдағы сақтарға келіп қосылған.

5. Скифтер құрамында күн мен сақ тайпалары бірлестіктері, яғни екіаталық саланың ұрпақтары болған.


6. Күн мен сақ тайпалары бірлестіктерінің құрамындағы этникалық топтардың көпшілігі біздің жыл санауымыздан арғы кезде-ақ біріне-бірі араласып, сіңісіп кетеді.

7. Қазіргі Қазақстан аумағында біздің заманымыздан бұрын тіршілік еткен тайпалар күндер мен сақтардың ұрпақтары.

8. Б.з.б. кезден тарихқа мәлім қазіргі қазақ халқының құрамындағы арғытүркі тайпалары: арғын, үйсін, қаңлы, кердері⁴⁶, адай, т.б. аттары белгісіз тайпалар (4-ші сурет).

9. Б.з.б. ғасырларда Оңтүстік Сібірден Дунай өзеніне дейінгі ұшан-теңіз зор алқапты мекендеген сақтар мен күндердің тікелей мұрагерлері: арғын, үйсін, қаңлы, кердері, адай және т.б. арғытүркі тайпалары бүгінгі қазақ халқының түп-төркіні және оның негізгі ата-бабалары болып саналады.

⁴⁶ Кердері - күн тайпалары бірлестігінің құрамындағы тайпаның аты. Ертеде Хорезмнің солтүстігінде Кердері тайпалық мемлекеті болған. Осы мемлекеттің атымен б.з. X ғасырында Арал теңізі - Кердері теңізі деп те аталған. Бұл тайпаның бір бөлігі кейін алшын тайпалары бірлестігінің құрамына кірген кердері руы [36,389].



4-ші сурет. Біздің жыл санауымызға дейінгі арғытүркілердің генеалогиялық схемасы.

Ескерту: Бұл суреттегі қос сызықты шартты белгі - сол тайпалар құрамындағы кейбір рулардың заман ағымында бірімен - бірі қосылып, тоғысып кетуін, сонымен бірге олардың құда - жекжат болып қан араластыруын білдіреді.

ЕКІНШІ ТАРАУ

КӨНЕ ЗАМАНДАҒЫ ТҮРКІЛЕР

Біздің заманымыздың I - XV ғасырларында қазіргі Қазақстан территориясын мекендеген түркі тайпаларының даму тарихында өте күрделі кезеңдер өтіп, олардың қоғамдық саяси өмірінде, шаруашылығы мен мәдениетінде айтарлықтай көп өзгерістер болды. Солардың ішінде түркі тайпаларының тарихында терең із қалдырған б. з. б. III ғасырдың бірінші жартысынан б. з. V ғасырының екінші жартысы аралығында, яғни шамамен 700 жылдан аса, өмір сүрген бірінші ірі Күн мемлекетінің дәуірі болды.

Б.з.б. I ғасырдың ортасында күндер Қытай шекарасынан өтіп, Ұлы Қытай қорғанынан төмен 800 шақырымдай жерді өзіне қаратады [45, 29].

Б. з. II ғасырында күндердің оңтүстік Сібірден Алтай өңірі арқылы қазіргі Қазақстан жеріне, одан ары Батысқа қарай Ұлы қоныс аударуының екінші кезеңі басталады. Осы басталған олардың Адриат теңізіне дейінгі жолы 2,5 ғасырға созылады [23, 21-22].

304 жылы күндер Қытайдың солтүстігінде мемлекет құрып, екі жылдың ішінде Қытайдың едәуір бөлігі мен оның Чанань қаласын өздеріне қаратып алады.

351 жылы сәнбилер⁴⁷ Қытайдағы күндердің тайпалық мемлекетіне шабуыл жасап, оны құртып жібереді [45, 29; 47, 104]. Осыдан кейін күндердің біразы Оңтүстік Сібірден бұрынғы ата — бабалары салған жолмен Батысқа қарай Ұлы қоныс аударудың соңғы көшін бастайды. Олар Балқаш көлі мен Арал теңізінің солтүстігіне жетіп, сол жерлерді қоныстанады. Осы жерлерде олар біздің жыл санауымыздан бұрын Оңтүстік Сібір және Алтайдан Сарыарқаға қоныс аударған жергілікті сақтар мен күндердің ұрпақтарымен біте қайнасып тіршілік құрады.

374 жылы Орталық Қазақстанды мекендеген сақтардың үлкен тобы тайпалар көсемі Баламірдің бастауымен Еуропаға қарай жүріп отырып, Еділдің сағасынан өтеді де Терек пен Кубань

⁴⁷ Сәнби - Ішкі Монғолиядағы арғытүркі тайпасы.

өзендерінің бойында аландарды талқандап бағындырады. Содан кейін Дон мен Днепр өзендерінің бойындағы сарматтармен соғысып оларды қаратып алады. Баламір 375 жылы Днестрдің сағасы мен Дунайға жеткенде мұндағы Вестготтар соғыспай Дунайдың оң жағасына өтіп кетеді [45, 75]. Вестготтар - «гот» деген Алманиядағы тайпалар тобының Дунай өзенінің төменгі ағысының солтүстігінде өмір сүрген батыс бөлігі. Гот тайпасының Днестр өзенінің шығысында тұратын жұрты «остготтар» деп аталады. V ғасырдың екінші жартысының басында Қырым түбегін мекендеген остготтардың бір бөлігі қазіргі қазақ халқының құрамындағы Кіші жүздің кете руы екені белгілі [76, 214].


405 - 406 жылдары күндер қазіргі Венгриядағы Тиса өзені бойындағы жазықты жаулап алып, одан ары Дунайдың оң жағасына жетіп тоқтайды [16, 91]. Сонымен, күндер Орал мен Карпат тауларының аралығындағы кең жазықта үстемдік етеді.

Содан кейін Ұлы Даладағы билікке 434 жылы Еділ⁴⁸ (шамамен 397 - 454 жж.) патша басқарған екінші ірі Күн мемлекеті дүниеге келеді. 441 жылы Еділ патша құрамында күндер, сақтар, сарматтар, аландар және Орал тауы мен Рейн өзені аралығындағы басқа тайпалардың өкілдері бар қалың қолмен Батысқа қарай өз жорығын бастайды. Еділ әскері Дунайды кесіп өтіп, сербтердің Морава өзеніне жетеді, Пловдив қаласына басып кіріп, Фракияны талқандайды.

451 жылдың қысында Еділ әскері Рейннің оң жағасындағы алман⁴⁹ халықтарымен бірлесіп Туль қаласына беттейді. Рейннен өткеннен кейін оның маңындағы римляндықтарға қарасты аймақты басып алады. Көктемде Еділ патша Мец қаласын өртеп, Орлеан қаласын қоршап қамайды. 452 жылдың көктемінде Еділ армиясы Италияға басып кіреді. Еділ сонымен қатар Милан мен

⁴⁸ Еділ - еуропалықтарша Аттила. Кейінгі кезде кейбір қазақ тарихшылары Еділді Мүнжық ханның баласы Оттылы деп жазып жүр.

⁴⁹ Алман - көне түркілер Батыс Еуропа орталығындағы басып алған қазіргі Германия жерін осылай атаған. Алман - көне түркі тілінде «ең шалғай» деген мағынаны білдіреді [74, 143]. Осы күні де түркі халықтары Германияны «Алмания» деп атайды.




Павия қалаларын тізе бүктіріп, өзінің енді Римге жорық жасау ниеті бар екенін аңғартады. Сонда үрейі ұшқан император III Валентиан 451 жылғы шілденің 6-ші жұлдызында қаланы тастап кетер алдында Рим епископы, Ұлы әулие Леоға Еділді бұл жорықты жасаудан тоқтату керектігін айтып, егер ол райынан тайса оған алым-салық төлеп тұруға және өзінің қарындасы Гонорияны әйелдікке беруге уәде береді. Осыған көнген Еділ патша жорықты тоқтатып Паннонияға⁵⁰ қайтып оралып, кешікпей Гонорияға үйленеді. 454 жылы Бургунд королі қызы Илдионаны Еділ патшаға әйелдікке береді. Үйлену тойынан кейінгі түні Еділ патша Илдионаның қоланан у ішіп 454 жылы қарашаның 15-ші жұлдызында дүниеден өтеді [25, 10; 94, 25]. Оның артында өз кіндігінен 184 ер бала қалады [23, 23].

Еділ патша өлгеннен кейін оның көп текті тайпалардан құралған империясы ыдырап кетеді. Осы жерде айта кететін бір жайт, Аттила ордасының мемлекеттік тілі түркі тілі болған. Бұл жөнінде А.Н. Бернштам былай деп жазады: «...в условиях разноплеменного состава гуннского объединения выработался свой язык скорее всего на базе тюркского языка господствующего гуннского рода...» [76, 207].

Енді Еділ мен күндерге байланысты айта кететін ақиқаттар - оның ақылды, ұлы қолбасшы тұлға екендігі және сол заманда күндердің әншілері мен жырауларының болғандығы. Бұл жайттар жөнінде Н.К. Карамзиннің «История государства Российского» атты көп томдық еңбегінің бірінші томына берілген ескертулердің 38-ші сілтемесінен Еділдің сарайында бірнеше күн болған Грек мемлекетінің елшісі Присктің былай деп айтқанын оқуға болады: «Аттила, приняв их (елшілерді. - С.Ж.) и дары императорские с великою гордостью, велел им ехать за собою


⁵⁰ Паннония — Еділ патшаның ордасы орналасқан Рим империясына қарасты провинцияның аты. Бұл провинция Еділ патша дүниеден өткеннен кейін латын тілінде «Хунгрия» деп аталды. Әрине, бұл сөздің түбірі «күн» («хун») екені анық. Әлі күнге дейін бұл елдің аты барлық халықтар тілінде «Хунгрия» деп аталады. Тек орыс тілінде ғана «Венгрия» болып жазылады. Қазіргі венгр халқы өздерін «мадьяр» деп атайды. Ал мадьяр қыпшақ тайпасының ішіндегі рудың аты. Бүгінде Қазақстанда 10 мыңнан астам мадьярлар бар [76, 208]. Сөйтіп, көшпелі күндер Хунгрияның, яғни Венгрия мемлекетінің негізін қалады деуге болады.



В одно местечко, где он жил обыкновенно в мирное время. Там встретили его молодые девицы, в длинном белом платье, и пели в честь ему песни на языке Скифском... Аттила, в утренние часы выходя из дому, садился у дверей и решал тяжбы народные; в день принимал послов из разных частей мира, а вечеру ужинал с ними. Все другие ели с блюд серебряных и пили из золотых стаканов: Аттиле подавали только деревянные. В конце ужина являлись Гуннские стихотворцы, петь и славить великие победы Царя. Друзья и товарищи его, оживленные воспоминанием, битве, изъявляли удовольствие; старцы, летами обезоруженные, плакали от умиления... Одежда, мечи и копи вождей его блистали золотом и драгоценными камнями: сам Аттила презирал наружные украшения. Не только Гунны, но и другие народы, им подвластные, любили сего удивительного человека за его великие свойства и правосудие. Многие Греки и Римляне добровольно служили ему. Один из них сказал Приску: «Я люблю Скифские нравы. Мы часто воюем; но за то в мирное время наслаждаемся совершенным покоем, и не боимся утратить любезной собственности. В бывшем моем отечестве, в Римской Империи, властуют тираны, а малодушные рабы не смеют обороняться. Там нет правосудия, ни равенства в государственных податях, и сильные угнетают слабых»... Мы привыкли воображать Гуннов чудовищами: надобно думать, что Аттила был не очень безобразен, ибо Гонория, сестра Императора Валентиана, предлагала ему руку свою» [25].

Еділ патша басқарған Еуразия көшпелі түркілерінің екінші империясы жойылғаннан кейін VI ғасырдың ортасында Алтай өңірі мен Орхон өзені аралығында сақтар мен күндердің жаңа одағы құрылады [16, 40, 98; 44, 147; 48, 47]. Осы одақтың пайда болуына байланысты сол кездегі Қытайдың тарихи мәліметтерінде алғаш рет оның құрамындағы тайпалардың аты қытайша «ту-кюэ»⁵¹ деп жазылады [16, 93, 106]. Байырғы түркі ескерткіштерінің руна пішіндес жазуын оқудың кілтін тапқан Дания ғалымы Вильгельм Томсен (1842 - 1927 жж.) «ту-кюэ»

⁵¹ Ту- кюэ (қытай сөзі) - сөзбе - сөз «күшті» деген мағынаны білдіреді [16, 106].



сөзін «түрк» деп оқиды [50, 16]. Бұл сөздің қазақ тілінде «түрк» екендігін тарихшы М.Б. Ақынжанов та айтады [39, 145]. Қытай тіліндегі сөз дыбыстарының айтылу ерекшеліктерін ескергенде «ту-кюэ» сөзі бір буынды «түрк» түрінде оқылатынын ұлы жәдігерлеріміз «Құлтегін» және «Тоныкөк» тас жазуларында «түрк» деген сөздің бары да растайды [49, 5].

Бұл жерде әркімде: «Түрк» деген ат алғаш рет VI ғасырда аталса, сонда бұл сөз неге «түркі» болып жазылады? - деген сұрақ тууы мүмкін. Енді осыған жауап беріп көрелік. Осы орайда алдымен айтарымыз: Жоғарыда иирк тайпасы жайында сөз қылғанымызда оның аты олай емес, «түрк» деген болжамның да қисыны бар сияқты. Шынында да, бұрын тарихта болмаған тайпаның бірден пайда болып, VI ғасырда тайпалар одағын құрып, оны Қытай секілді қуатты мемлекет назарына алып «ту-кюэ» деп атауы кездейсоқ нәрсе болмағаны анық. Менің пайымдауымша, ежелгі заманда сақ, не күн тайпасынан бөлініп шығып, Еділ мен Жайық өзендерінің аралығын қоныстанған әлдебір тайпаның адамдары өздерін, бәлкім, Нұқ пайғамбардың немересінің есімімен атап «біз түркіміз» деген де шығар. Сол кезде Геродот Ольвия қаласына келгенде бұл тайпаның атын «иирк» деп қате жазып алуы әбден ықтимал. Оның үстіне, аталмыш тайпаның қонысы жазба мәдениеті ерте дамыған Қытай мемлекетінен тым шалғай болып, олармен тікелей қарым - қатынас жасамағандықтан, оның аты қытайлардың жазбаларына кірмей қалуы да мүмкін. Алайда, «шындық осылай болған екен» деп палеосібірлік суб - нәсілден өрбіген иирк (түрк) сияқты тайпаның тарихын VI ғасырдан емес, өте әріден бастауымыз керек. Мұндай жағдай бүгінде мұңғол тарихын зерттеуде бар. Мысалы, «мұңғол» деген ат б.з. XIII ғасырының басына дейін тарих бетіне шықпауына [45, 513] қарамай, қазіргі мұңғол тарихшылары өздерінің этногенезін тым алыстан бастап жүргені белгілі. Әуел баста арғы тегіміздің аты көне тасқа «түрк» түрінде жазылса да, кейін қазақ тілінде әбден қалыптасқан «түркі» атауын өзгертпей қалдырсақ деймін. Сайып келгенде, әйгілі рухани астанамыз ертеден бері «түркі» және «стан» деген екі сөзден қосылып, «Түркістан» болып жазы-

лып жүр емес пе. Қазірде тек Турция мемлекетінің негізгі халқының аты ғана ресми түрде «түрік» деп жазылады. Сонымен, түйіндеп айтсақ біздің жыл санауымыздан бұрын Алтай мен Оңтүстік Сібірден өрбіген, түркі тілінде сөйлеген тайпалардың бәрін шартты түрде «арғытүркілер», ал олардың біздің замандағы ұрпақтарын тегіс «түркілер»⁵² деп атаған жөн сияқты.


Жаңа құрылған түркі тайпалары одағының көсемі болып үйсін тайпалары бірлестігі құрамындағы теле тайпасының өкілі, атақты Елсау бидің баласы Дулының ұрпағы Бумын сайланады [119, 17]. Ол одақты басқару жұмастарын Алтайдағы қонысында отырып жүргізеді [16, 107]. Бумын басқарған түркілер одағы алғашқы кезде жуан - жуан (жужан)⁵³ тайпалық мемлекетіне тәуелді болды [16, 106; 48, 47]. 552 жылы Бумын мен Істемі би Еуразия түркілерінің үшінші мемлекеті - Түркі қағанатын құрады [51, 5; 119, 17].

VI ғасырдың басында Алтай өлкесін мекендеген түркілерде сол замандағы деңгей тұрғысынан қарағанда жақсы дамыған кен қазу, темір өндіру⁵⁴ және оны өңдеу кәсіпшіліктері қалыптасады. Түркілердің темір өндірісін жете игеруіне байланысты олардың арасында өнерлі теміршілер көп болған. Олар темірден жер астындағы кендерді қазуға арналған қару - құралдар (қайла, сүймен, т. б.), шаруашылық заттарын (шапашот, қашау, пышақ балға, қолорақ, шалғы, т. б.) және қару - жарақтар (садақ оғы, найза, қылыш, соғыс балтасы, сүңгі, дулыға, сауыт, т. б.) жасаған. Сондықтан түркілердің тегіс темір құрсаулы атты әскеріне басқа елдердің ешбірі қарсы тұра алмаған. Орыстың атақты тарихшысы Н.К. Карамзин сол кездегі Алтай түркілері жөнінде: «... Россияне, овладев в новейшие времена полученною частью Сибири, находили в тамошних могилах великое количество вещей

⁵² Бұлай атау - тайпалардың жеке - жеке ұлт болып қалыптасқанына дейін.

⁵³ Жуан - жуан - V ғасырда қазіргі Монғолия мен Маньчжурия аумағындағы көшпелі түркі тайпалары бірлестігінің қытай деректеріндегі атауы. Жуан - жуандар (жужандар) мен аварлар бір тектес болып саналады [52, 4].

⁵⁴ Еуропада темір б.з.VII ғасырынан бастап өндіріле бастады.



драгоценных: вероятно, что они принадлежали сим Алтайским Туркам, не дикому, но отчасти образованному народу, торговавшему с Китаем, Персиею и Греками», - деп жазады [25, 14]. Осы сөздәйекте көрсетілген 52-ші сілтемеде мынадай дерек берілген: «Алтайские турки славились богатством, делая из чистого золота столы, седалища, конские приборы» [25, I томның ескертулері, 19-шы бет, 52-ші сілтеме]. Осы жерде айта кететін тағы бір сөз: сол кездегі түркілердің тәртібі бойынша әрбір дені сау еркек жауынгер ретінде саналған. Сондықтан мұндай еркектер соғыс дайындығы басталғанда шақырусыз тез арада белгіленген жерге жинала - тұғын болған.

Ендігі жерде Алтайдағы түркілер одағы өз жұртының хал - жағдайын жақсарту үшін (мал өрісін кеңейту, олжа табу, т.б. мақсаттар) көрші елдерге соғыс бастауды ойлайды. Сонда түркілер одағы алдымен тегіс темір құрсаулы атты әскерін жуан-жуан (жужан) тайпалық мемлекетіне бұрады. 552 жылы Бумын қаған жуан-жуандардың елін басып алып, оның қағаны Анақуанды өлтіреді [16, 107; 48, 47]. Сол кезде Жуан-жуан мемлекетіне батыста Тянь-Шань және Қарашар (қазіргі Синьцзянь) мен шығыста Ұлы Қытай қорғаны және Хинган тау жотасы аралығындағы жерлер қараған-ды. Осы жеңістен кейін Бумынға «қаған» деген лауазым беріледі. Бұл лауазым әуелі Жуан-жуан мемлекетінде пайда болады. Қытай тілінен ауысқан «қаған» сөзі - ұлы билеуші деген ұғымды білдіреді. Қаған бүкіл елдің иесі, елдегі барлық қарулы күштердің ең жоғарғы қолбасшысы болды. Осы «қаған» сөзінен кейін түркі тілінде «хан» деген жоғарғы тәуелсіз басқару биліктің лауазымы туындайды. Қағанның жақын туыстары «жағбу» деген лауазымға ие болып үлкен аймақтарды басқарған. Ал қағанның ұлдары «тегін» (орысша: князь) деп аталған. Олар еншілікке берілген жерлерде билік жүргізген. Жергілікті жерлердегі рулар арасында құқықтық қазметті атқарған адамдар «бек» деп аталған. Мемлекеттің жоғарғы билігіндегі лауазымды адамдар қажет болғанда күрделі мәселелерді кеңесіп шешетін орын - құрылтайға жиналатын. Жуан-жуан мемлекетін талқандап едәуір күшейген Түркі қағанаты енді Қытай империясына шабуыл

жасауды бастайды⁵⁵.

Бумын қаған 552 жылы Түркі қағанатын басқару орнын (орысша: ставка) Орхон өзенінің басталуынан Солтүстікке қарай шамамен 100 шақырым қашықтыққа орналасқан ежелгі күндердің біздің жыл санауымыздан бұрын басқарушылық орны болған жерге ауыстырады [16, 159]. 1956 жылы Москвада басылып шыққан «Империя Хань в начале II в. до н. э.» - середина II в. н.э.» деген картада Орхон өзенің сол жағасында «Ставка гуннских шаньюев» деген жазу мен мекеннің белгісі бар [14, 8-ші карта]. Дәл осы жерде 668 жылдан кейін Шыңғыс хан өз мемлекетінің астанасы Қарақорым қаласын орнатады.


VII ғасырдың басында Түркі қағанаты небары 50 жыл шамасында шығыста Сары теңізден батыста Қара теңізге, оңтүстікте Алашань даласынан солтүстікте Байқал көліне дейінгі Еуразия кеңістігінің Ұлы Даласында орасан зор аумақты жерді өзіне қаратып үстемдік құрады. Сөйтіп, Түркі қағанаты өзінің саяси жағдайында Қытай, Иран және Византия сияқты үлкен мемлекеттермен дәрежелес аса қуатты державаға айналады. Алайда VI ғасырдың аяғында Түркі қағанатының барлық аймақтарында құлдыққа қарсы жойқын көтерілістердің басталуы мен осы жағдайды орынды пайдаланып Қытай империясының күшеюі нәтижесінде 603 жылы Түркі қағанаты Шығыс түркі қағанаты және Батыс түркі қағанаты делініп екіге бөлінеді.

Тарихи мәліметтер бойынша Түркі қағанаты Еуразия алқабында ең алғаш құрылған ертефеодалдық мемлекет болып саналады.

Түркі қағанатының құрамында отыздан астам түркітілді тайпалар, олардың ішінде арғын, үйсін, қаңлы, оғыз, ұйғыр тайпалары болды [51, 7]. Белгілі түркі - қазақтану маманы Қаржаубай Сартқожаның дерегі бойынша Түркі қағанаты құрамында қыпшақ тайпасы да болыпты [50, 72].

Еуразия көшпелі тайпалары ішінде алдымен түркілерде руна пішіндес майда жазу пайда болады. Ең байырғы осындай жазулар VII - VIII ғасырларға жатады. Бұл жазулар Енисей мен Орхон өзендерінің алқаптарында табылғаны жалпыға мәлім. Осыған байланысты олар тарихта Орхон - Енисей жазуы деп

⁵⁵ Түркілердің Қытай империясымен соғысы жүз жылдан аса уақытқа созылады [45, 35].



аталады. Енисей аймағында табылған жазулар қабір басына орнатылған ескерткіш тастарға жазылған. Орхон бойындағы жазулар да тастарға жазылған⁵⁶. Бұл жазба ескерткіштерде түркілер өміріндегі тек елеулі саяси уақиғалар ғана баяндалады. Солардың ішіндегі ең құндылары - Орхонның сол жақ шығыс бетіне орналасқан Коше - Цайдамдағы Күлтегін мен Білге қаған кешендеріндегі түркі жазба ескерткіштері.

VII ғасырдың соңында түркі бабаларымызды көрші отырған табғаштар⁵⁷ алдап, бір түнде қанға бөктірген. Бұл қайғылы оқиғ туралы Күлтегін (684 - 731 жж.) ескерткішінде мынадай өлең жолдары тасқа жазылған:

*«Қаның судай құйылды,
Сүйегің таудай үйілді,
Бек ұлдарың құл болды,
Пәк қыздарың күң болды...»*

2001 жылы Қазақстан Республикасы үкіметінің арнайы тапсырмасымен Жапон фирмасы жасаған Күлтегін жазба ескерткішінің нұсқасы Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіне әкеліп қойылды.

Орхон - Енисей жазулары тіл ғылымында әліпелік негізде жасалған бүкіл түркі әлемінің төл жазуы және мәдени-рухани байлығының іргетасы болып есептеледі.

603 жылы құрылған Батыс түркі қағанаты Ертістің жоғарғы ағысынан Амударияға дейінгі жерде билік құрды. Оның басқару орындары қыста Шу өзені бойындағы саяси және ірі сауда орталығы, Ұлы Жібек жолының бойына орналасқан Суяб⁵⁸ қаласы, ал жазда ортағасырлық Исфиджаб⁵⁹ қаласының маңындағы Мыңбұлақ мекенінде болды. Қағанаттың негізгі этносаяси құрамында арғын, үйсін, қаңлы, оғыз, алшын, қимақ, қыпшақ, жалайыр, т.б. тайпалар болды.

⁵⁶ Орхон - Енисей жазулары тасқа қашалып емес, Қытайдан әкелінген бір у дәріні тастың бетіне жағып, осымен оны балқытып барып, таяқ ұшымен жазылған.

⁵⁷ Табғаштар - қытай тайпалары.

⁵⁸ Суяб - төрт ғасыр бойы бірін-бірі алмастырған ортағасырлық үш мемлекеттің: Батыс түркі қағанаты, Түркеш қағанаты, Қарлық қағанаты астанасы болды.

⁵⁹ Исфиджаб - қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сайрам селосы. Бұл қала қазақ жеріндегі діни - рухани, мәдени - ғылыми орталықтардың бірі болған. Ол жайлы араб, парсы дүниесінің бірқатар тарихшы, шежіреші, саяхатшылары жазба деректер қалдырған.

Түркі қағанаты кезінде көшпелі халықтар біртіндеп отырықшылыққа көше бастайды. 630 жылы бүкіл Орта Азияны жүріп өткен Қытай саяхатшысы Сюань Цзан бұрын тек көшпелілер ғана өмір сүрген қазіргі Оңтүстік Қазақстан жерінде ондаған қалаларды көреді. Солардың ішінде ол Суяб қаласына басқа аймақтар мен көрші елдерден өздерінің тауарларымен саудегерлердің көп келетіндігін айтады. Ал бұл қалалардың ішінде Тараз қаласы сол замандағы ең ірі сауда орталығы болып саналған [45, 42].

657 жылы Батыс түркі қағанатын түркештер⁶⁰ жаулап алады [45, 37].

Шығыс түркі қағанатының алғашқы қағаны Бумын қағанның баласы Мұқан болып, ол билікті қазіргі Монғолиядағы Хангай таулы өлкедегі Отукен мекенінде отырып жүргізеді. Қағанат Алтай тауынан Үлкен Хинган тауларына дейінгі жерге иелік етті. Оның құрамына енген негізгі түркі тайпалары: қоңырат, қырғыз, маңғыт, ұйғыр, қарлық⁶¹, түркеш, т.б.

Шығыс түркі қағанаты 734 жылы Білге қаған уланып өлгеннен кейін басталған ел ішіндегі өзара тартыстардың салдарынан күйзеліске ұшырап, 744 жылы ыдырап кетеді.

Бірінші түркі, Шығыс түркі, Батыс түркі және Түркеш қағанаттары дәуірі тарихта көне түркі дәуірі деп аталады.

Батыс және Шығыс түркі қағанаттары ыдырағаннан кейін олардың билік құрған жерлерінде Шыңғыс хан империясы құрылғанға дейін, яғни 704 - 1206 жылдар аралығында бірін - бірі алмастырған жеті ірі мемлекет және екі шағын хандық пайда болады (5-ші сурет).


Сонымен, VI ғасырдан XIII ғасырдың басына дейін түркі тайпалары бірде бірігіп, бірде бөлініп өмір сүрді. Алайда олардың бәріне түркі тілі, мәдениеті, дәстүрі және мемлекеттік құрылымы ортақ болды. Сондай-ақ, түркі тайпалары мен мемлекеттері арасындағы аккультурация⁶² мен тін⁶³ үзілмегені тарихтан аян.

⁶⁰ Түркеш - Шығыс Түркістан мен Жетісуды мекендеген түркі тайпалары одағының аты.

⁶¹ Қарлық - Тарбағатай тауы қырқаларының қарлы басына дейін мал жайып жүрген көшпелі түркілерді «қарлық» деп атаған [39, 29].

⁶² Аккультурация - бір халықтың екінші халықпен мәдени алмасу үдерісі.

⁶³ Тін - тарихи сабақтастық.



5-ші сурет.
VI ғасырдың екінші жартысы - XIII ғасыр басындағы түркі мемлекеттері.

Түркі қағанаттары кезінде халқымыздың түп - тамыры саналатын байырғы арғын, үйсін, қаңлы, қыпшақ⁶⁴, қоңырат, жалайыр, керей, алшын, адай, кердері, найман⁶⁵, т.б. түркі тайпалары негізінде болашақ қазақ халқының қалыптасуы басталды. Бұл тайпалар кейін тек қазақ халқының ұлттық құрамын ғана толықтырып қойған жоқ, сонымен бірге өздерімен көршілес басқа да түркі тектес халықтардың да этникалық құрамын толықтырып келді. Мысалы, арғындардың ұрпақтары: Алтайда, Қырымда, башқұртта, Кавказда, түркменде, т. б. бар [39, 35]. Қоңыраттар мен қаңлылардың көп тобы өзбек, қарақалпақ, қырғыз, ноғай, қырым татарлары халқының құрамына сіңіп кеткен [101, 47].

Осы тұста қазақ халқының этногенезінде ерекше орын алатын және қазақ тілінің қалыптасуына негіз болған, тарихи деректерде көне заманнан-ақ белгілі аса ірі тайпалардың бірі - қыпшақ туралы айтпай кетуге болмайды. Қыпшақ тайпасының тарих көшінде белгілі бола бастағаны жөнінде ғалымдар арасында әлі бір тоқтамға келген пікір жоқ. Айтылған пікірлердің ішінде, алдымен, қыпшақ атауы б. з. б. II ғасырдың арғы заманда кездеседі деген пікір бар [53, 103; 101, 37]. Ал араб халифатының саяхатшысы Ибн Хордадбахтың жазба дерегі бойынша қыпшақ тайпасы тарих сахнасына б. з. VII ғасырында шыққан [54, 19]. Қыпшақтардың шығу тегі туралы жазба ескерткіш материалдар бойынша мынадай пікірлер бар: 1) күн тайпалары бірлестігінде болған теле тайпасының ұрпақтары [54, 49, 79]; 2) теле тайпасынан бөлініп шығып, б. з. б. IV ғасырдан арғы кезде Ертіс пен Енисей өзендерінің аралығын мекендеген Орталық Азиядағы Еуропалық нәсілге жатқызып жүрген дин-лин тайпасынан өрбіген [54, 80, 81]. Тарихи деректерге сүйенсек, қыпшақтар б. з. VIII ғасырынан бұрын Алтай тауы сілемдерінің оңтүстігі мен батыс жақтарына тірелетін кең даланы мекендеген [54, 53].

Қыпшақтардың VIII - XIII ғасырлар аралығында мекендеген жерлері мен оларға байланысты кейбір маңызды деген тарихи деректер төменгі кестеде көрсетілген.

⁶⁴ Қыпшақ - Батыс Еуропа елдерінде «куман» (кубан), орыс жылнамаларында «половцы» деп аталады. Қазіргі Солтүстік Кавказдағы Кубань өзені қыпшақ тайпасының атына байланысты аталған.

⁶⁵ Найман - «най» (сегіз) және «ман» (кісі) деген екі көне түркі сөзінен құралған этноним [44, 276; 75, 199; 101, 49]. Бұдан бір кезде ағайынды сегіз кісіден өрбіген ұрпақтар сегіз ру болып, «найман» деп аталған тайпаға біріккенін аңғаруға болады.

Тарихи кезеңдер	Қыпшақтар мекендеген жерлердің аттары және басқа деректер
VIII	VIII ғасырдың екінші жартысында Орталық және Солтүстік Қазақстан [54, 67, 68]. Қыпшақтар таулық Алтай бөктерлерінен ауысып, Есіл, Тобыл, Ырғыз, Торғай өзендері бойынан бастап Арал теңізіне дейін келіп, оғыздармен көршілес болып орнығады [39, 147]. Бағдад халифы Харун - Ар-Рашид (763 - 809 жж.) пен оның ұрпақтарын қорғайтын әскердің құрамында қыпшақтар да болды [53, 103].
IX ғасыр	IX ғасырдың басында қаңлылармен аралас-құралас бірге тұрып, біте қайнасып кетеді [10, 457]. IX ғасырдың ақырында Дунай өзенінің сол жағалауы бойындағы кең аймақты мекендейді [45, 451].
X ғасыр	Қазіргі Қазақстанның батыс бөлігін мекендейді [45, 478]. Түркі тайпаларының жіктелуі барысында Сырдария бойында оғыз - қыпшақ ұлысы пайда болады. Олар таза түркі тілінде сөйлеген [54, 78].
XI ғасыр	XI ғасырдың басынан қыпшақтардың біразы Кіші Азиядағы Мысыр патшалығына қарасты жерлерге, Палестина мен Сирияға орныға бастайды [53, 103]. XI ғасырдың ортасында Дон өзені мен Қара теңіз жағалауларын мекендейді [45, 465, 478]. Грузин - абхаз патшасы IV Давид Строителдің әскері құрамында қыпшақтардың 40 мың тұрақты атты әскері болған [45, 487]. 1068 жылы қыпшақтар орыс жеріне шабуыл жасайды [45, 259].
XII ғасыр	Новгород - Северскінің князі Игорь Святославовичтың 1185 жылы қыпшақтардан ойсырап жеңілуіне арналған орыс мәдениетінің аса маңызды ескерткіші саналатын «Игорь жорығы туралы сөз» атты поэмасы дүниеге келеді.
XIII ғасыр	1221 жылы Шыңғыс ханның қолбасшысы Сүбедей баһадур Кавказдың солтүстігіндегі далада көшіп - қонып жүрген қыпшақтарды талқандайды. 1222 жылы Шыңғыс хан әскері Дербентті басып алғаннан кейін қыпшақтарды талқандап Қырымға жетеді. Сонда қыпшақтар Днепр өзеніне қарай қашады. 1237 жылы Батый хан қыпшақтарды жаулап алады.

1241 жылы біраз қыпшақтар Хунгрияға қоныс тебеді. Сөйтіп олар мадьяр халқының қалыптасуына үлес қосады.

1243 жылы құрылған Алтын Орда⁶⁶ мемлекеті «Жошы ұлысы, немесе «Қыпшақ хандығы» деп аталды [45, 448, 510, 521, 593, 598].

Кейін Алтын Орда халықтары «қыпшақ рулары», «қыпшақ ұлыстары», «қыпшақ тайпалары», «қыпшақ халықтары» деген жалпылама атаулармен аталып кетеді [53, 104].

Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының үстемдігі кезінде Дешті Қыпшақ деп аталған кең аймақты, Еділ өзені алабы мен Қырымды жайлаған халықтың бәрі, соның ішінде мұңғол тайпалары да қыпшақ тілінде сөйлеген. Сонымен бірге қыпшақ тілі Мәмлүк мемлекеті мен Армян колониясында және Кавказ аймағында да қолданылған [53, 104, 105]. Қыпшақтар жөніндегі қысқаша әңгімені осымен аяқтаймыз.

XIII ғасырға дейін түркілер әулеті нендей бір сұрапыл соғыстарды басынан кешіріп, неше өліп, неше тіріліп дегендей жағдайда болып, ал кейбір рулар ұрық-жұрағатсыз құрып кеткенін де тарих жасыра алмайды. Осы қилы заманда түркілер әрбір ру, тайпаларға бөлініп, өзара қырқысумен болды. Алайда, XIII ғасырға дейін болашақ қазақ халқының көптеген ру-тайпалары бытырай қоныстанған еді. Мысалы, қыпшақтар Батыста орыстармен, найман, керей, қоңырат, меркіттер Шығыста қытайлармен көршілес отырды.


XII ғасырдың аяғында қарақытайлардан⁶⁷ қысым көрген найман тайпасының біраз рулары ата қонысы Орхон өзені бойынан Шығыс Түркістан мен Ертістің оң жағасына көшіп келеді [45, 465, 466].

5-ші суретте көрсетілгендей Түркі қағанатының құлауына байланысты ыдырап кеткен түркілерді алты ғасырдан кейін Шыңғыс⁶⁸ хан бастарын қосып, алғашқы көшпелі түркілер империясының ірге тасын қалады деуге болады (6-ші сурет).

⁶⁶ Орда - «Ordu» деген көне түркі сөзінің қазақша түрі. Бұл сөздің мағынасы: хан сарайы [8, 195].

⁶⁷ Қарақытай (қарақидан) - Қытайдың солтүстігінде, Маньчжурия өлкесін мекендеген арғытүркілерден шыққан тайпаның орта ғасырдағы шығыс авторлары жазбаларындағы атау.

⁶⁸ Плано Карпини «Шыңғыс» атын латын тілінде «Chingis» деп жазады. Осы жазуды орыс ғалымы А. И. Малеин (1869 - 1938 жж.) «Хингис» деп оқылатынын айтады [8, 33, 181].



6-шы сурет.
XIII - XIX ғғ. қазіргі Қазақстан
аумағындағы түркі мемлекеттері.

Шыңғыс ханның Батысқа қарай басталған жорығы кезінде найман, керей және уақ тайпаларының көптеген рулары Орхон мен Керулен өзендері бойынан Ертіс пен Жетісу өңірлеріне қоныс аударып, болашақ қазақ халқының құрамын толықтырады.

XIII - XVI ғасырларда ежелгі Қазақстан жерін мекендеген түркі тайпаларының қазақ халқы болып қалыптасу үдерісінде Шыңғыс хан империясының алатын өзіндік орны бар және де бұл мәселе арнайы түрде жеке қарастыруды қажет етеді.

Шыңғыс хан өзінің көзі тірісінде жаулап алған ұлан-байтақ жерді төрт ұлына бөліп бергені белгілі. Сонда үлкен ұлы Жошыға Обь өзенінен (шығыс бойлықтың 86 градусы) Шығыс Еуропаға Шыңғыс хан әскері жеткен жерге (шығыс бойлықтың 25 градусы) дейінгі жер тиеді. Оның ішінде Батыс Сібір, Дешті Қыпшақ даласы, Арал теңізі өңірі, Солтүстік Хорезм жері, Сырдарияның төменгі ағысы, солтүстікте Ертістің Обқа құйылатын жерінен оңтүстікте Сарысу өзеніне дейінгі жерлер. Шағатайға Жетісу, Қашғария, Маураннахр⁶⁹; Үгедейге Зайсан көлінен Хангай таулы өлкесіне дейінгі жер; Төлеге Хангайдан Амур өзеніне дейінгі жер берілді.


Шыңғыс хан ұлдарының үлесіне тиген жерлерде тайпалық бірлестіктердің басшылығына негізделген үш мемлекет құрылып, олар «ұлыс»⁷⁰ деп аталды. Ұлыстар туралы әңгіме арнайы зерттеудің үлесіне жататын мәселе болғандықтан осы шағын еңбекте оларға шолу жасалмайды.

1243 жылы Жошы ұлысының құрамында Дешті Қыпшақта⁷¹ Алтын Орда мемлекеті құрылады. Жошы ханның екінші ұлы Батый (Сайын) басқарған бұл мемлекеттің құрамындағы тайпалар ішінде адам санының көпшілігі қыпшақтар болғандықтан және олардың ел басқару жұмысында басым болуына байланысты бұл мемлекет «Қыпшақ хандығы» деп те аталды. Алтын Орда құрамында қыпшақтардан басқа арғындар, қоңыраттар, най-

⁶⁹ Маураннахр - «Ма вара ан нахр» деген араб сөзінің мағынасы: өзеннің арғы жағы [55, 477] - Амудария өзенінің оң жақ жағалауындағы жердің (мемлекеттің) аты.

⁷⁰ Ұлыс - тайпалық бірлестік.

⁷¹ Дешті Қыршақ жеріне солтүстік ендіктің 50-ші градусы мен Қара және Каспий теңіздері аралығындағы далалы өлке жатады.



мандар, алшындар, қаңлылар, т. б. кейіннен қазақ халқы құрамына енген тайпалар, сонымен қатар Еділ бұлғарлары мен көне хазар⁷² ұрпақтары да болды.

Алтын Орданың бір бөлігі - Көк Орданы Жошы ханның үлкен ұлы Орда (Ежен) басқарды. Оның иелігіне Ертістің бастауынан Сырдарияға дейінгі жерлер берілген-ді.

Шыңғыс хан немерелері арасында билік үшін күрестің шиеленісі Алтын Орданың үш дербес мемлекетке (Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Сібір хандығы) бөлініп кетуіне және Шағатай ұлысында Моғолстан⁷³ мемлекетінің пайда болуына алып келді.

Ақ Орданың ханы болып Шибан ханның баласы Бахадур тағайындалады [41, 195]. Оған Алтын Орда мен Көк Орданың аралығындағы жерлер қарады. Оның аумағы бойлық бойынша солтүстік ендіктің 40-ші градусынан қазіргі Ханты-Манси автономиялы округіне дейінгі жерді қамтыды.

Жоғарыда аталған мемлекеттердің пайда болуы, сайып келгенде, жергілікті түркі тайпаларының шығыстан келген аздаған мұңғолдарды ассимиляциялауға, дербес мемлекеттердегі этностардың болашақта жеке-жеке ұлт болып қалыптасуына және олардың төл мемлекетін құруына жол ашты.

Енді Шыңғыс ханның тек-тамыры жайында біраз уәжді әңгіме айта кеткен артық болмас. Бұл мәселеге байланысты қазақ тарихнамасында екі түрлі пікір бар. Бірінші пікір: Шыңғыс хан мұңғол халқының перзенті. Ал екінші пікір бойынша ол - қазақ. Әрине, Шыңғыс ханды қазақ деп санау дұрыс болмайды, себебі оның дәуірінде қазақ ұлт ретінде қалыптаспағаны бізге белгілі.

⁷² Хазар - V - XI ғасырларда Каспий теңізінің солтүстігі мен Кавказдың солтүстігін мекендеген әр түрлі этникалық түркі тайпалары одағының аты. V ғасырда кейін Кіші жүзге енген беріш руы Хазар хандығының құрамында болған. Батыс түркі қағанатының ыдырауы нәтижесінде Еділ өзенінің төменгі жағы мен Солтүстік Кавказдың шығысында VII - X ғасырларда Шығыс Еуропадағы алғашқы ертефеодалдық мемлекет - Хазар қағанаты өмір сүрді [35, 557; 57, 4].

⁷³ Моғолстан - осы күнгі Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары аумағында билік құрған мемлекеттің аты. Тарихи әдебиетте жазылып жүрген «Моғолстан», «Моғол» деген атауларды мұңғолдармен шатастыруға болмайды. Өйткені «Моғол» деген біздің жыл санауымыздан бұрын өмір сүрген оғыз ханның атасы. Шәкәрім Құдайбердіұлы Моғолды «мұғұл» деп жазады [128, 31]. Кейін Моғол есімімен Жетісу мен Шығыс Түркістан жерлерін мекендеген көне түркі тайпалары одағы аталады.

Ол кезде түркі халықтарының дүниесі негізінен біртұтас болатын. Шыңғыс хан өмірін зерттеуші тарихшылар оны қазаққа тәнді деп санағанда олардың сүйенетін дерегі - оның қият руынан шығуы. Расында ол осы руға жататыны көптеген тарихи деректермен анықталған сияқты. Мәселен, XVII ғасырда мұңғол тілінде жазылған Лубсан Данзанның «Алтан тобчи»⁷⁴ [56] атты кітабында Шыңғыс ханның тегі қият тайпасы ішінде бөріжігіт руы екендігі айтылады [56, 68, 69, 293, 296]. Осы бөріжігіт руы «Алтын тізбе» кітабында «борджигин», немесе «борджигит» деп екі түрлі жызылады [56, 428]. Дегенмен, аталмыш кітапты мұңғол тілінен орыс тіліне аударғанда ру атының «борджигин» деп бұрмаланғанына еш күмән жоқ. Ал оның орысша «борджигит» деген түрінен бұл атаудың «бөрі»⁷⁵ және «жігіт» деген екі сөзден тұратыны көрініп - ақ тұр. Сонда бұл екі сөз - бүгінгі біздің тіліміздегі көне түркі сөздері. Бөріжігіт руына орай ендігі бір айтарымыз: Құрамында «жігіт» деген сөз бар антропонимдар⁷⁶ түркілер арасында қадым заманнан бері кездеседі. Мысалы, қазіргі Монғол Халық Республикасы жерінде пайда болып, сонда бірнеше ғасырлар бойы өмір сүрген найман тайпасының құрамындағы қаракерей руында Байжігіт және Жанжігіт есімді аталар болған [43, 171].


Шыңғыс ханның шыққан тегі туралы 1253 - 1254 жылдары оның ұлдарының иелігіндегі жерлерде болған Гильом де Рубриктің кітабына берілген ескертпеде: «В районе Онона и Керулена находились родовые земли Борджигитов (бөріжігіттер. - С.Ж.), к роду которых принадлежал Чингис-хан», - деп жазылғанында атап кетуге болады [8, 209]. Ал Шыңғыс ханның тегіне байланысты француз тарихшысы К. д'Оссон мынадай дерек айтады: «... Бартан баһадурдің төрт ұлы болған еді, солардың үшінші Есукей⁷⁷ баһадур ерлігімен көзге түсіп, өз әулеті тарайтын қият ... тайпасының басшысы болып сайланды» [44, 55].

⁷⁴ Алтан тобчи - қазақша «Алтын тізбе».

⁷⁵ Бөрі - көне түркілердің тотемі, пірі.

⁷⁶ Антропоним - кісі аты.

⁷⁷ Есукей - Шыңғыс ханның әкесі.



Бөріжігіт этнонимін сөз қылғанда тарих ғылымдарының докторы Бейімбет Ермұқановтың былай деп жазғанына да көңіл аударуға болады: «этноним бурджоглы сохранился в составе казахов младшего жуза⁷⁸ в форме берш... В русских летописях берш передается как... бурджоглы (по - арабски). Известно, что первыми мамлюкскими султанами Египета были кипчаки из рода бурджоглы. Прославленные казахские батыры Исатай и Махамбет также были из этого рода» [57, 4]. Қалай дегенмен де осы «бурджоглы» мен «Алтын тізбе» кітабындағы «борджигин» атауларының ұзын сарыны ұқсас сияқты.

Осы қият тайпасы жөнінде «Қазақ совет энциклопедиясы» мен «Қазақстан. Ұлттық энциклопедияда» бір - біріне кереғар түсіндірме берілген. Атап айтқанда, Қазақ совет энциклопедиясында былай деп жазылған: «Қият - ежелгі монғол руы. Қият монғолдың Тайджуит тайпасынан тарайды... Қияттар қият-юркин, қият - боржиган деген екі атаға бөлінеді. Қият - боржиганнан Шыңғысхан шыққан. Қияттар руы Шыңғысхан билік құрған кезеңде монғолдардың батысқа шапқыншылық жорығына қатысып, жаулап алынған халықтар арасына барып қоныстанады. 15 - 16 ғасырларда басқа монғол тайпалары сияқты қияттар да түркі тайпаларына сіңісіп, Орта Азия мен Қазақстанның түркі тілдес халықтарының құрамына кірді. Мысалы, өзбектер мен қарақалпақтардың құрамында қият тайпалары бар» [10, 566]. Енді екінші энциклопедияны оқып көрелік: «... «қият» этнонимі 11 - 13 ғасырларда пайда болған. Қият қамұқ - монғол одағының тайшуыт тайпасынан тарайды. Қияттар түркі тілдес тайпа деген жорамал бар» [58, 693].

Сонымен, «Алтын тізбе» кітабы мен аталмыш екі энциклопедияда Шыңғыс ханның тегі қият тайпасы екені жазылған. Енді бұған дау жоқ сияқты. Алайда оның руы бірінші энциклопедияда

⁷⁸ Жүз - жалпы Қазақстан жерінің бір бөлігін тұрақты мекен қылған қазақ халқының құрамындағы тайпалардың этноаумақтық бірлестігі. Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз дегеніміз этникалық емес, әкімшілік, аймақтық (орысша: «край» деген сөзге саяды) бөлініс болып саналады. Яғни қазақтың үш жүзге бөлінуі көшпелі өмір салты туғызған ел билеудің жер ыңғайы бойынша жіктелудің табиғи үдерісі.

жазылғандай боржиган емес, бөріжігіт екені жоғарыда айтылды. Сондай - ақ, Лубсан Данзан кітабындағы «тайчжигут [56, 429] деген тайпа жоғарыда көрсетілген энциклопедиялардың бірінде «тайджуит», бірінде «тайшут» деп аталады. Меніңше, бұл тайпаның аты көне түркі тілінде тайжүгі болады. Бұл этноним «тай» және «жүгі» деген екі сөзден құралғаны байқалады. Мұндағы «тай» - жылқының төлі, ал «жүгі» - қазақтың «жүк» (көлікке тиелген зат) деген сөзінің септелген түрі. Көне түркілер мен қазақтардың байырғы дәстүрінде руға, немесе жеке адамға «Бөріжігіт», «Тайжүгі» тәрізді аттарады қою жүйесі қалыптасқаны белгілі. Мысалы, қазақтар балаларын ерте кезде «Малтабар», «Айжарық», «Таңжарық», «Қойбағар» деп те атай берген.

Тайжүгілер, менің пайымдауымша, түркі тайпасына жатады. Оған дәлел ретінде Лұбсан Данзанның кітабынан төмендегі үш сөздәйекті мысалған алуға болады.

Бірінші сөздәйек: «После того в год курицы хатагинский Баху Чороху, салджигутский⁷⁹ Иркидай - багатур⁸⁰, дорбэнский хачухун - бэки⁸¹, татарский Джалибуга и рода алчи - татар, Икирасский Чиндан Чаган, найманский Буйруг - хаган, Хуту - сын мэркитского Тогтага - бэки, ойратский Худуга - бэки, тайчжигутские Тархутай Кирилтух, Ходун Орчик, монгольский Агачубагатур и другие - все они собрались вместе в Алахуй-булаге...»⁸² [56, 112].

Екінші сөздәйек: «Что касается керейтского⁸³ Онг-хагана, то прежде, во времена Йисугэй⁸⁴-багатура, жили они в доброй дружбе и называли друг друга побратимами» [56, 130].

Үшінші сөздәйек: «... все монголы и тайчжигуты собрались в Хорхоге на берегу Онона» [56, 64].

⁷⁹ Салджигутский - рудың аты (қазақша: салжігіт). Бұл ру бөріжігіт руымен тектес [56, 55, 59].


⁸⁰ Иркидай-багатур - Еркедай баһадур.

⁸¹ Бэки - қазақша: «бек» деген сөз.

⁸² Алахуй булаг - қазақша: Алақой бұлақ.

⁸³ Керейт - түркі тайпасы керей. Бұл тайпаны «керейт» деп жазғанда соңғы «т» әрпі көне түркі тілінде көптік жалғауды білдіреді.

⁸⁴ Йисугэй - Есукей (Шыңғыс ханның әкесі).



Бірінші сөздәйекті оқып, одан автордың Алақой бұлағы басына жиналған әр адамның алдымен оның қай тайпаға жататынын көрсетіп жазғанын байқауға болады. Демек, бұл жиынға келген 11 адамның ішінде бір-ақ адам (Агачу-баһадур) мұңғол да, ал қалғандары - түркі, татар, ойрат тайпаларының өкілдері. Ендеше, тайжүгілік Тархутай түркі тайпасына жататыны күмән келтірмейді.

Екінші сөздәйектен керей Онг пен Есукейдің тектес екені байқалады. Сонда керей түркі тайпасы болғанда Есукейдің мұңғол еместігі түсінікті.

Үшінші сөздәйекте бәлкім тайжүгілер түркі тайпасы болғандықтан оларды автор мұңғолдарға қоспай жеке атап жазады.

Шыңғыс ханның арғы тегі түркі нәсіліне жататын тайжүгі тайпалары одағы, оның ішінде қият тайпасы, оның ішінде бөріжігіт руы екендігін Лубсан Данзанның «Алтын тізбе» атты кітабындағы тағы мына бір деректен де аңғаруға болады. Аталмыш кітапта тайжүгілердің көсемі Тархутай есімді ноян жиі кездеседі [56, 71, 413]. Бұдан осы Тархутайдың есімі Геродоттың кітабындағы аңыз бойынша скифтердің арғы атасы Липоксаистың әкесі Таргитайды⁸⁵ [22, 188] еске алып, оның құрметіне байланысты қойылды ма екен деген ой келеді.

Жоғарыда аталған Қазақ совет энциклопедиясы [10] қияттарды өзбектер мен қарақалпақтардың құрамында барын айтты да олардың қазақтарда бар жоғы туралы ештеме демейді, ал ұлттық энциклопедияда [58] қияттарды түркі тілдес тайпа деп жорамал жасайды.

Енді осы дұдамалдау деректі зерттеу мақсатымен ізденіс жасағанда анықталған жайттарға тоқталып өтелік. Расында қияттардың түркі тайпаларының құрамында барлығына төмендегі тарихи мәлімет толық дәлел бола алады. XVI ғасырда тәжік

⁸⁵ Таргитай - Геродот бұл есімді алғаш рет Ольвия қаласына келгенде жергілікті скифтерден есітіп, солардың аузынан жазып алады. Ал Лубсан Данзан жазған Тархутай есімі Геродот кітабындағы Таргитайдың ата мекені саналатын Оңтүстік Сібірде пайда болады. Осы жағдайларды пайымдағанда Геродот «Тархутай» деп естіген есімді «Таргитай» деп қате жазып жібергенге ұқсайды.

тілінде молда Сайф ад-Дин Ахсикенди жазған «Маджму ат-таварих» атты шығармада Әбілқайыр хандығындағы «көшпелі өзбектер»⁸⁶ деп аталған ұлыстың құрамына кірген 92 тайпа аттарының тізімі берілген. Осы тізімнің 26-шы және 48-ші нөмірлерінде⁸⁷ «қыят» деген атау кириллица және араб әріптерімен екі түрлі жазылған: 26-ші нөмірде: «кыят», ал 48-ші нөмірде «кият». Әйтеуір осы екі жазудың бірі Шыңғыс ханға тән қият екені анық. 92 тайпаның ішінде қазақ халқының құрамындағы жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ, қаңлы, керей, үйсін және қатаған тайпалары да бар [59, 211 - 212].

«Ана тілі» газетінің 1994 жылғы наурыздың 22-сі күні шыққан санында «Қазақтың төр шежіресі» деп берілген материалда Ұлы жүзге кіретін қатаған тайпасының құрамында қият руы көрсетілген. Тағы бір дерек: қазірде Ресейдің Астрахань мен Орынбар губернияларындағы қазақтардың ішінде қият рулы елдер бар. Оның үстіне «Қобыланды батыр» жырында да қияттар турасында мынадай өлең жолдары бар:

«Қырық мың үйлі қияттан
Қырық мың әскер қол алып,
.....
Қияттан шыққан бес батыр,
.....
Ақылдасып көп қият,
Мақұлдасып сонымен,
Баса жүрді жолымен» [60, 30 - 31].

Енді жоғарыда сөз болған деректерден шығатын қорытынды: Бүгінгі қазақ халқының құрамындағы қият руы көне замандағы қият тайпасының заңды жалғасы. Сонымен бірге, қият руы этникалық атау ретінде тек қазақта ғана сақталып қалғанын қаперге алуымыз керек.

Демек, жоғарыдағы айтылған тарихи деректер Шыңғыс ханның түркі екендігіне толық дәлел бола алады.

⁸⁶ «Көшпелі өзбектер» - осылай деп Өзбек ханның есіміне байланысты аталған. Бұл жөнінде кейінірек сөз болады.

⁸⁷ Осы кітаптың соңында берілген №1 қосымшаны қараңыз.

Жоғарыда мысалға алынған бірінші сөздәйекте Алақой бұлағында жиналған 11 адамның ішінде Боху Чорохудың хатагин руының өкілі екендігі айтылған-ды. Осы рудың «хатагин» деп жазылуына қарағанда ол қазақты құраған рулардың бірі қатаған болуы ықтимал. Лубсан Данзан хатагин (меніңше қатаған) руы туралы: «Сыновья Буху Хатаги стали родом хатагин⁸⁸. Они были предками хатагинов», - деп жазады [56, 59]. Қазіргі Монғол Халық Республикасы аумағында XII ғасырда «қатаған» деп аталатын тайпаның болғандығын француз тарихшысы К. д'Оссонның «Шыңғысханнан Әмір Темірге дейін» деген кітабынан да оқуға болады [44, 65, 75]. Солай болғанда Шыңғыс хан қатағандармен тектес болып шығады. Мұны дәлелдеу үшін алдымен Шыңғыс ханның өзінен бастап 10-ші ата-бабасына дейін жазып шығайық: Шыңғыс хан - Есукей баһадур - Бартан баһадур - Қабыл қаған - Түмбінай шешен - Барыс Шонқор Дөкшін - Қашы күлік⁸⁹ - Мақа Түдін - Бәкір баһадур - Қабышы баһадур - Боданшар [56, 293]. Осы Боданшар Кіші жүз құрамындағы кете руының бір бұтағы Бозаншар [78, 4] атымен тым ұқсастығына қарағанда бұлардың арасында тектік байланыс болуы мүмкін.

Лубсан Данзанның кітабы бойынша Боданшар Шыңғыс ханның 9-шы атасы болса, ал Қадырғали Қосымұлы Жалаиридің «Жами ат - тауарих» атты шежіре кітабында Шыңғыс ханның 7-ші атасының есімі «Буданжар» (Боданшарға тым ұқсас) деп көрсетілген. Жалпы Лубсан Данзан мен Қадырғали Жалаиридің жазған Шыңғыс ханның генеологиялық шежірелерінде сәйкессіздік бары байқалады. Мұны төмендегі кестеден көруге болады.

Шыңғыс ханның әкесі мен аталарының есімі	
Лубсан Данзанның кітабы бойынша [56, 293]	Қадырғали Жалаиридің шежіре кітабы бойынша [132, 153]
Есукей баһадур Бартан баһадур Қабыл қаған	Есукей баһадур Бартан баһадур Қабыл хан

⁸⁸ Ерекшелеген автор С. Ж.

⁸⁹ Күлік - алған бетінен қайтпайтын тұрақты, табанды ер; әйгілі, атақты адам.

Түмбінай шешен Барыс Шонқор Дөкшін Қашы күлік Мақа Түдін Бәкір баһадур Қабышы баһадур Боданшар	Тумина хан Бай сонкур Қайду хан Дотум Мәнен Буданжар хан
--	--


Шыңғыс ханның 9-шы бабасы Боданшар туралы Лубсан Данзан кітабында мынадай әңгіме бар. Боданшардың шешесі Алун алғашқы күйеуі Добу Мерген қайтыс болып, екі ер баламен жесір қалады. Содан кейін ол екінші рет күйеуге шықпай белгісіз біреуден Бухи Хатаги, Бухичи Салджи және Боданшар Мунгхаг⁹⁰ есімді үш ер балалы болады. Кейін осы үшеуінен өсіп - өрбіген ұрпақтар қатаған, салжігіт және бөріжігіт⁹¹ руларын қалыптастырады [56, 55, 59]. Сонда осы үш ру қият тайпасы құрамында болып шығады. Боданшардың белгісіз әкенің баласы екендігін тарихшы - шежіреші Әбілғазы Баһадур хан (1603 - 1664 жж.) да айтады [77, 52].

Мұңғолдар туралы ұлты еврей [61, 55], дәрігер, парсының тарихшысы Рашид ад - Дин Фазлуллах ибн Абу-л-Хейр Хамадани (1247 - 1318 жж.) еңбегінде: «Бұл күнде мұңғол деп аталатын халықтың бастапқы аты бұлай болмаған, бұл ат кейінірек берілген. Бұл халықтың әрбір тармағы көптеген бұтақтарға бөлінеді және әр қайсысының нақтылы өз аттары бар», - деп жазылған [62, 17 - 22, 77]. Осы еңбектің «мұңғол атанған түркі тайпалары» атты бөлімінде қазірде мұңғол тайпалары саналатын сунит, татар, тарғұт, ойрат, барғұт, тумат, таңғұттармен бірге керей, найман, меркіт, күрлеуіт, ұйғыр, қыпшақ тайпаларының да аттары бар [62, 127]. Мұндағы кейінгі 6 тайпаның да біраз адамдары, меніңше, кезінде мың қол⁹² әскер жинақтаған мұңғолдардың

⁹⁰ Осы үш баланың қазақша мағыналары: Буху Хатаги - алып бұғы, Бухучи Салджи — бұғышы (аңшылық кезінде бұғыны айдаушы) Салджи, Боданшар Мунгхаг - ашық ауыз Боданшар [56, 55]. Ертеде түркі тайпаларында ер балаларға осылайша жалғас лақап ат қою дәстүрі болған.

⁹¹ Боданшардың ұрпақтары қияттың басқа ұрпақтарынан өзгешелеу болғандықтан оларды бөрі көзді, яғни сұрғылт жанарлы болғандықтан «бөріжігіт» деп атаған [56, 428; 44, 56].

⁹² Мың қол - бұл сөзтіркесі туралы төменде айтылады.



ішінде болған деуге болады. Осы әңгіме орайында Мұрад Әджи: «...слово «монгол», по свидетельству самих монголов, впервые зафиксировано в XI веке», деп жазады [23, 119]. Бұл жөнінде жоғарыда «мұңғол» деген этноним XIII ғасырдың басына дейін белгісіз болғаны айтылған - ды. Қалай дегенмен де бұл мәселенің шындығы XI-XIII ғасырлардың аралағында жатқаны анық. Сонда «мұңғол» этнонимі арғын, найман, үйсін, керей, қаңлы, жалайыр тайпаларының этнонимдерінен кейін пайда болғаны даусыз.

Бұл күнде «мұңғол» этнонимінің грамматикалық жазылуы тарихи әдебиет беттерінде әр түрлі болып кездеседі. Мысалы: XIII ғасырдағы италия саяхатшысы Плано Карпинидың кітабында «монгал» [8, 33], орыс әдебиетінде «монгол», көне мұңғол жазбаларында «монголджин» [56, 269, 380, 429], қазақ әдебиетінде «монғол», «моңғол», «маңғол», «монгол», «мұңғыл», «маңғұл» деп жазылады. Бір этнос атауының осындай тоғыз түрлі болып жазылуында, меніңше, дурысы «мұңғол». Бұл атау түркі тіліндегі «мың қол» (мың әскер) деген екі сөзден пайда болған [17, 168]. Бұл пікірді Монғол Халық Республикасында тұратын Ислам Қабышұлы сынды тарихшы да айтады. Ол былай деп жазады: «...моңғол деген сөздің түп төркіні түркі тілдес елдің «мың қол» деген сөзінен туындағанын нақты дерекпен дәлелдеуге тырысқан едім. Еңбегім зая кетпеді. Мұны моңғол тарихшылары мойындап отыр. Моңғолдар әлмисақтан бері «мың қол» жинап сапқа тұрған сарапдал ел [63, 8]. Осы пікірге сүйенсек, онда «мың қол» сөз тіркесі ауызекі сөйлеу стилінде «ы» және «қ» әріптері «ұ» және «ғ» әріптеріне өзгеріп, «мұңғол» деген атау пайда болатыны заңды нәрсе.

Айтарлықтай «былықтар» (қателіктер) Шыңғыс ханның өз атының жазылуында да баршылық. Мәселен, оны орыс тіліндегі басымдарда «Томучин», «Темучин», «Тэмучин», «Темучжин», деп жазылса, қазақ әдебиеттерінде «Темужин», «Темүжін» «Тәмүжин» [63, 8], «Тәмуджин», «Тимошин» [64, 154] деп жазылып жүр. Сонда осы аттардың қайсысы дұрыс? Бұл сұраққа берілер жауап: Шыңғыс хан дүниеге келгенде түркі тіліндегі

«темір» деген сөзге байланысты оған «Темірші» деп ат қойған. Ертеде түркілер темірді қадір тұтып, оны қасиетті деп санағаны белгілі. Сондықтан да түркілер аспандағы ең жарық жұлдызды «Темірқазық» деп атаған-ды. Оның шын есімі жөнінде Гильом де Рубруктың еңбетінде: «Они называют Чингиса звоном железа...; ... его собственное имя Темучин, которое является производным от томур, что значит железо», деп жазылған [8, 159 - 160, 221]. Осы пікірді мұңғол тарихшысы Лубсан Данзан да айтады. Ол өзінің кітабында: «Когда праздновали рождение ребенка... нарекли его Томучином, да потому, что качали его в железной колыбели», - деп жазады [56, 66]. Осы текске орай «Алтын тізбе» кітабында мынадай түсінік беріледі: «Собственное имя Чингис-хана обычно передается в монголоведной литературе как «Темучин». Имя Чингис-хана происходит от слова «temir~tomur - железо» [56, 314].

1206 жылы 26-ші шілдеде Онон өзенінің жағасында ашылған тайпалар ақсүйектерінің құрылтайында керей ханы Торының демеуімен Теміршіні хан көтеріп, оны «Женгиз»⁹³ хан деп жариялады [63, 8]. Кейін бұл лауазым «Хинхис» [41, 172], «Чингиз», «Чингис», ал қазақ тілінде «Шыңғыс» болып айтылып кетеді. Осы лауазым шығуы жөнінде «Алтын тізбе» кітабында мынадай аңыз жазылған: «Еще до того как родился Томучин, - черноватая птица сидя на дымнике, прощеветала: «Чингис, чингис». Щebetание этой птицы и было причиной того, что Томучину дали имя Чингис⁹⁴, когда сделали его хаганом»⁹⁵[56, 100]. Ал кейбір шығыстанулар «Шыңғыс» лауазымын түркі тіліндегі «теңіз» сөзімен байланыстырады [41, 172]. Сонда олардың ойынша бұл лауазым «теңіз әміршісі», «бүкіл дүние жүзінің ханы» деген мағынаны білдіретін сияқты. Бұл пікір мүлде ақылға қонбайды. Себебі «теңіз» сөзі ешқашан мағынасыз «шыңғыс» деген сөзге айналмайды.

«Шыңғыс» деген аттың әуел бастағы лексикалық мағынасы

⁹³ Женгиз - көне түркі сөзі. Оның мағынасы: Жеңімпаз (ылғи жеңіске ие болатын, жеңілмейтін адам). Кейін бұл ауызекі айтыла келе «Шыңғыс» болып өзгерген.

⁹⁴ Чингис - бұл аңыздық есімнің «женгиз» деген сөзбен тым жақын ұқсастығы байқалады.

⁹⁵ Хаган - қазақ тілінде «хан» деген сөз.

«женгиз» (жеңімпаз) екендігіне «Алтын тізбе» кітабындағы мына бір дерек те нақты дәлел бола алады: «Линдан Хутухту - хагана именовали такими званиями: «Обладающий величием Чингис Даймин Сэчэн, победитель врагов всех стран»⁹⁶[56, 293].

Мұңғол тарихшысы Ислам Қабашұлы «шыңғыс» деген сөздің мұңғолша ешбір мағынаны білдірмейтінін және бүгінгі мұңғолдар жерінде Шыңғыс ханның есімімен аталған бірде - бір жер-су аты жоғын айтады [63, 8]. Бұл деректі де сырт қалдыруға болмайды.

Шыңғыс ханның тегіне байланысты тағы бір еске алатын нәрсе, Есукей батыр Теміршіні мұңғол тайпасының қызына емес, өзінің бәйбішесі Әуеліммен⁹⁷ тектес түркі тайпасы қоңыратқа енетін елқонұт руының белді адамы Дай шешеннің қызы Бөртеге⁹⁸ үйлендіруі [65, 9]. Дай шешеннің тегі қоңырат тайпасы Лубсан Данзанның аталмыш кітабында «хонгхират» деп қате жазылған [56, 68, 82]. Бөртенің тегі қоңырат тайпасы екені турасында Рашид ад-Дин: «Хукунайан из племени кунгират (қоңырат. - С.Ж.), брат Бортэ (Бөрте. - С.Ж.) - уджин, сын хонгхиратского (қоңырат. - С.Ж.) хана Дай Сэчэна (шешен. - С.Ж.); был тысячником левого крыла», - дейді [66, 271].

Қоңырат тайпасы туралы Италияның саяхатшысы Марко Полоның (1254-1324 жж.) 1955 жылы Москвада басылып шыққан кітабының соңында берілген «Разночтения и примечания» деген тарауда академик В. В. Бартольд пен аталмыш кітапты редакциялаған И. П. Магидович төмендегідей қате түсініктеме жасайды: «Хункират (қоңырат. - С.Ж.) - монгольское племя⁹⁹, жившее около Великой стены (Қытайдағы. - С.Ж.); отсюда род кунграт (қоңырат. - С.Ж.) у узбеков. У Рашид ад - Дина - племя кунгират; в монгольском «Сокровенном сказании» - унгират (қоңырат. - С.Ж.). Племя, или род, кунграт отмечено не только

⁹⁶ Бұл сөздерді ерекшелеген автор С. Ж.

⁹⁷ Әуелім - Лубсан Данзан кітабында «Огэлэн» деп жазылған [56, 412].

⁹⁸ Бөрте - көкшіл сұр түсті білдіретін көне түркі сөзі. Қазақ ертегісінде: «Ерте, ерте, ерте екен. Ешкі жүні бөрте екен, Қырғауылы қызыл екен, Құйрық жүні ұзын екен», - деген сөздер бары көпшілікке аян.

⁹⁹ Қоңыраттар мұңғол тайпасына жатпайды.

среди узбеков, но и среди казахов, каракалпаков, туркмен и некоторых других и тюркоязычных народностей [7, 282].

Орта ғасырдағы қазақтың ғұлама ғалымы, белгілі биі Қадырғали Қосынұлы Жалаири (1530 - 1605 жж.) да өзінің «Жами ат - тауарих» («Жылнамалар жинағы» деп те аталады) атты атақты шежіре кітабында Бөртенің қонырат падишаһы Дай ноянның қызы екенін жазады [132, 154].

Белгілі тарихшылар С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтановтар да Темірші қият тайпасынан, ал оның әйелі Бөрте қонырат тайпасынан екенін айтады [41, 171]. Бұған қоса, Рашид ад - Диннің дерегі бойынша, қонырат осы қияттан өрбіген тайпа [101, 43].

Ендігі бір айтылуы тиісті мәселе - Шыңғыс ханның туған жылы. Меніңше, орыс және қазақ тілдеріндегі әр түрлі басылымдарда жазылып жүргендей ол 1155 жылы дүниеге келгені тарихи шындыққа жатпайтын сияқты.


Лубсан Данзанның «Алтын тізбе» кітабында: «Во время пребывания в Дэлугун - Болдаге на Ононе в год черной лошади, в первый летний месяц, в полдень шестнадцатого дня родился Чингис-хаган», - деп жазылған [56, 65]. Яғни Шыңғыс хан түркілердің ескі жыл санауы бойынша жылқы жылы туған. Енді 1155 жыл ескіше қай жыл екенін анықтап көрелік. Мұны анықтау үшін ХХІ ғасырдың басындағы алғашқы жылқы жылынан Шыңғыс ханның туған жылы деп жүрген жылды шегеріп, одан шыққан сан 12-ге қалдықсыз бөлінсе, онда 1155 жыл жылқы жылы болады. Енді осы есепті жазып көрсетейік:

$$(2002 - 1155) : 12 = 70,58.$$

Сонымен, жақшаның ішінде шыққан сан 12-ге қалдықсыз бөлінбей 70,58 болды. Демек, 1155 жыл - жылқы жылы емес. Енді Шыңғыс хан туғандағы жылқы жылын табу үшін мынадай есеп амалын жасаймыз:

$$(2002 - 1155) = 70 \cdot 12 + X,$$

мұндағы 70 - жоғарыда шыққан 70,58 санының бүтін саны, 12 - мүшел саны, X - белгісіз сан. Осы есептен белгісіз «X» саны 7 боп шығады. Осы 7 санына 1155-ті қосқанда шыққан 1162 саны жылқы жылы болады. Бұдан басқа 1162 жылдың



алдындағы жылқы жылын білу үшін 1162-ден 12 мүшел жасты алып тастағанда шыққан 1150 саны да жылқы жылы болады. Демек, Шыңғыс хан 1150, немесе 1162 жылы туған болуы мүмкін. Ендігі мәселе Шыңғыс хан туған жылды анықтау: оны табу үшін оның үлкен ұлы Жошының туған 1184 жылдан 1162 жылды алғанда ол әкесінің 22 жасында дүниеге келеді. Ал 1184 жылдан 1150 жылды шегергенімізде әкесінің 34 жасында Жошы туған болып шығады. Менің пайымдауымша, 22 және 34 сандары ішінен нақтылысы 22-ге саяды. Демек, Шыңғыс хан 1162 жылы туған болып шығады.

Лубсан Данзан Теміршінің хан болып сайланғаны жөнінде: «В возрасте сорока пяти лет, в год ... тигра (қазақша: барыс жылы. - С.Ж.) в истоках реки Онон он водрузил свое ... белое знамя», - деп жазады [56, 100]. Енді осы дерекке сүйеніп, Шыңғыс ханның әлгінде айтқанымыздай 1162 жылы туғанын тексеріп көрелік. 1162 жылға 44 жылды қосқанда шыққан 1206 жыл - Теміршінің хан болып, «Женгиз» («Шыңғыс») деген лақап атқа ие болған жылы. Енді 1206 жылдың Лубсан Данзан айтқандай шынында да барыс жылы екенін тексеру үшін соңғы болған 1998-ші барыс жылынан 1206 жылды шегергенде шыққан 792 саны 12-ге қалдықсыз бөлінсе 1206 жыл - барыс жылы ($792 : 12 = 66$). Көріп отырғандай, бөліндіміз қалдықсыз бүтін 66 боп шықты.

Темірші 44 жасында «Женгиз хан» деп аталғанын француз тарихшысы К. д'Оссон да айтады. Ол: «1206 жылдың көктемінде Ононның бастау алар жеріне барлық тайпалар басшыларының құрылтайын шақырды ... Осы жерде ... Темүжінді «Шыңғысхан» деп жариялады. Ол бұл кезде қырық төрт жаста еді», - деп жазады [44, 81].

Сонымен, түйін сөз мынаған саяды: Шыңғыс ханның 1162 жылы туғаны - тарихи шындық. Шыңғыс ханның әкесі де, шешесі де түркі тайпалары болуына байланысты генетика тұрғысынан алып қарағанда оның бойында 100 пайыз түркі қаны болған. Осы шындық жөнінде түркі тарихының білгірі Мұрад Әджидің пікіріне иек артсақ, ол былай дейді: «Отец и мать великого Темучина были тюрки ... Когда и как он, их сын,


превратился в монгола?» [23, 230]. Оның үстіне, Шыңғыс ханның жоғарыда айтылған аталарының Кабыл, Барыс, Мақа, Бәкір, Боданшар деген есімдерінен де олардың түркі екенін аңғаруға болады. Бұған қоса айтарымыз: Кейінгі кезде қазақ тарихын зерттеп жүрген ғалым Қалыбек Данияров өзінің 2002 жылы шыққан еңбегінде белгілі тюрколог-ғалым К.А. Иностранцевтың да Шыңғыс ханды түркі санайтынын айта келіп, «Чингисхан был казах из казахского рода кият. Это доказано в книгах «История Чингисхана, 2001 г.», «Альтернативная история Казахстана, 1998 г.», написанных через исследование первоисточников XIII века. Кроме того, подавляющее количество европейских историков считают Чингисхана тюрком, но отнюдь не монголом», - деп жазады [17, 165, 166].

Енді жазба деректерде Шыңғыс ханның жеке басына берілген сипаттамаларға қысқаша тоқтала кеткен де жөн сияқты.

«Шыңғыстың сыртқы бейнесі зор, кең кеуделі, өте күшті, басында бірнеше бүртік ақ шашы бар, сақалы ұзын, өзіне-өзі берік болған. Еш уақытта кісі сөзіне тез еріп кетпеген. Ол тыныштық кезде адамдарға мейірімді, жайдары болған. Соғыс уақытында заңды, тәртіпті бұзушыларға, опасыздық етушілерге өте қатал екен... Жеке басының өшпенділігімен кісілерден кек алмаған. Тек заңға қарсы шыққандарды ғана жазалаған. Сөзге өте шешен, жомарт болған... Ол жеке басында еш нәрсеге қызықпаған... Халықтың бай, білімді болғанан қалаған... Өз еркімен бағынған қалаларға тимеген, халқын өлтірмеген... Ісләм дінін қатты сыйлаған... Ата салтын қатты құрметтеп, өзі жазу білмесе де түркілер арасына көп мәдениет таратуға себепші болған. Оның батыстағы бір дұшпаны: Шыңғыс елінде ұрлау, қиянат, өтірік айту қатты жазаланады», - деген [64, 157].

Сондықтан Шыңғыс хан туралы қазақтың әйгілі ақыны Мағжан Жұмабаев:

*«Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер.
Данышпан, тұңғыық ой, болат жігер.
Шыңғыстай арыстанның құр аты да
Адамның жүрегіне жігер берер»,*



- деп оның ерекше пенде екендігіне ден қояды [108, 175]. Адамзат баласының тарихында есімі мәңгілік сақталып қалатын адамның бірі емес, бірегейі - Шыңғыс ханның ақылды, ұлы қолбасшы тұлға екендігіне әлемге әйгілі ғұлама - ғалымдардың ол туралы жазған еңбектері куә болатыны белгілі. Дегенмен, еуроцентристердің жазғандары бойынша Шыңғыс ханның шапқыншылық жорықтары көптеген елдердің өркениетін әлсіретіп, қоғамның дамуын тежеген. Бұл пікірді кезінде коммунистік идеологияның құрсауында болған біздің тарихшылар да қолдап, былай деп жазған болатын: «Елдің саяси және мәдени байланыстарын үзіп, шаруашылығын күйретті. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік - шығысындағы отырықшы аудандарының халқы қатты күйзелді. Отырар, Сауран, Сығанақ, Жент, т.б. қалалар қиратылып, Жетісу бойындағы қалалар құрып кетті» [129, 119 - 120].

Алайда қазіргі біздің белгілі тарихшы - ғалымдарымыз Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының XII - XV ғасырларда Қазақстан аумағында жүргізген қоғамдық - саяси жұмыстарын қайтадан қарап, оларға тарихи шындыққа негізделген әділ баға беру керектігі жөнінде мәселе көтеріп жүр.

Бұл турасында тарихқа жүгінер болсақ қысқаша былай баяндауға болады. VI - VII ғасырларда Орталық Азия мен Қазақстандағы халықтарды біріктірген Түркі қағанаты мен Батыс түркі қағанатынан кейін ыдыраған түркі тайпалары Шыңғыс хан империясы кезінде қайта бірігіп, бәріне ортақ мемлекеттік қыпшақ тілінде сөйлеп, ислам өркениетінің негізінде әдет - ғұрпын сақтап, мәдениеті мен шаруашылығын алға өрлетті. Соның арқасында Қазақстандағы түркі тайпаларының одақтасып, этникалық тұрғыдан өсуі қазақ халқының ұлт болып қалыптасуын тездетіп, 1465 жылы Қазақ хандығының құрылуына қолайлы жағдай жасады. Сондай-ақ, Шыңғыс хан империясы бытыраңқы Шығыс Еуропа славяндарын да Москва княздығына бағындырып бір тұтас Орыс мемлекетін құруға атсалысқанын тарихшылар растап отыр.

Шыңғыс хан өлер алдында балаларына: «Орталығынан жүргенде әр шеті бір жылдық жол болатын мына алып мемлекетті сендер үшін жаулап алдым. Енді болмашы іске алданбай мемлекетті жақсы да әділетті түрде басқарыңдар!» - деген екен.

Сөз ыңғайы келгенде атап айтар келесі бір мәселе - заңғар биліктің иесі болған Шыңғыс ханның табиғат берген өзіндік қолбасшылық және басқарушылық қасиеттерінен басқа оның қызыл тілге асқан шеберлігі мен биік парасаттылығы.

Енді ол айтқан біраз нақыл сөздерді Лубсан Данзан кітабынан [56] мысалға алып көрелік:

- Егер әркім өз пиғылымен арамдық ойдан тазаратын болса, бүкіл ел ұры - қарыдан, зиянды әдеттен пәк болар еді.

- Арақ - шараптан ақыл да, пайда да, абырой да, қайырымды мінез - құлық та, адамгершілік те күтпе. Мүлде ішпейтін адам - нағыз қадірлі адам.

- Мемлекеттің жауына көрден артық орын жоқ [44, 292].

- Егер адал іс жасасаң, онда мәңгі-бақи сондай әдетке ие боласың.

- Алыс екен деп абыржыма, жүріп кетсең - жетесің.

- Дене күшімен бірді жеңуге болады, рухтың күшімен көптен басым боласың.

- Мемлекеттің заңдарын білетін адам көпшіліктен жоғары болады.

- Егер қарапайым халық рахатқа батса, хан да рахатқа батады.

- Екі ойы бар адам - еркек емес, әйел; бір ойы адам еркек емес, аса қымбатты адам.

- Бір ойы бар әйел - әйел емес, еркек; екі ойы бар әйел - әйел емес, ит.

- Егер мейірімсіз әкім қарапайым адамға зорлық - зомбылық жасаса, онда ол қара иттен де жаманырақ болғаны.

- Кім қарғыстың астында қалса, сол азап шегеді.

- Егер қарапайым адам өзін ханға балап, кеудесін көтерсе, онда ол өзінің қара басынан айрылады.

- Ауыр екен деп жүрексінбе, құлшына қолға алсаң — көтересің.

- Өз өміріңді сақтаудың әдіс - амалы бар, алайда өлместің дәрісі жоқ.

- Мейірімді текеге шың - құздан баспана табылады.

Бүкіл Еуропа мен Египетті дүр сілкіндірген айтулы жиһангер Наполеон Бонапарт: «Мен Шыңғыс хандай бақытты бола алмадым», - депті деген сөз бар. Бұл сөздің сырын ашуды оқырмандарға қалдырайық.

Ал әйелді көп алу тұрғысына келгенде Шыңғыс ханның алдына ешбір жиһангер түспейді. Ол ұзынырғасы 500 әйел алған [132, 154].

Шыңғыс ханның тегін анықтау барысында мұңғолдар тұра-сында түп деректер бойынша жазылған бірсыпыра материалдарды оқып, оларды саралап қарағанда арнайы зерттеулерді қажет ететін көптеген сұрақтар туындайды. Енді солардың кейбірін төменде қағаз бетіне түсіріп, оларға қысқа түрде өз пікірімізді де білдіре кеткен артық болмас деп ойлаймын.

1. Мұңғолдардың ата мекені қай жерде болған?

Қазіргі Монғол Халық Республикасының түгелге дерлік жері XIII ғасырға дейін қазақ халқының құрамындағы найман, керей, қоңырат, жалайыр, меркіт, қият, т.б. белді тайпалардың ата мекені болғанын төмендегі этнографиялық кестеден байқауға болады.

Тайпалардың аты	Тайпалардың ата мекені болған жерлер
Найман	Ертіс өзені мен Орхон өзені аралығы [43, 165].
Керей	Хангай тауы мен Бурэн - Нуру тауының аралығы, Орхон, Тола өзендерінің өңірі [43, 159]
Қоңырат	Керулен өзенінің төменгі ағысы мен Улдза өзені алқабы [43, 176]
Жалайыр	Онон өзені бастауы мен негізін Шыңғыс хан салған Қарақорым (қазіргі Хархорин қаласы) қаласының аралығы [43, 178]

Меркіт	Селенга өзенінің өңірі [43, 173]
Қият	Қытаймен шекаралас қазіргі Оңтүстік Гоби аймағы [64, 154]


Мұңғолдар XIII ғасырдың ортасына дейін қазіргі Монғол Халық Республикасы аумағынан тыс Селенга өзенінен Амурдың саласы Аргуньға дейінгі өңірде көшіп - қонып жүрген [43, 174, 176]. Олардың осы күнгі мекеніне қоныстануы VIII ғасырдың ортасында басталып, XIII ғасырда аяқталады. Мұңғолдардың сол кезде қоныс аударуына ұйғырлардың Орхон өзені бойын тастап, Батысқа қарай кетуі себеп болған. Ұйғырлардан қалған жерге Амур жақтан келген мұңғолдар орналасады [65, 154].

XIII ғасырда қазіргі Монғол Халық Республикасы жерінде өмір сүрген түркі тайпалары арасында елеулі миграциялық процестер болады. Атап айтқанда, Шыңғыс ханның Батысқа қарай жорығы басталғанда найман, жалайыр, қоңырат, меркіт, қият, т.б. тайпалардың көпшілігі қазіргі Қазақстан жеріне қоныс аударады. Бұл тайпалардың ата жұртта қалғандары кейін мұңғолдарға сіңісіп кетеді. Ал сол кезде Қазақстанға келген шамалы мұңғолдар да кейіннен жергілікті түркі тайпаларымен тоғысып кетеді [39, 34].

2. Мұңғолдар XIV ғасырға дейін қай типтегі тілде сөйлеген?

Біздің жыл санауымыздан арғы заманнан біздің дәуірдің шамамен V ғасырының екінші жартысы аралығында Қиыр Шығыстан Дунай өзеніне дейінгі жерлерді мекендеген көшпелі тайпалар арғытүркі тілінде сөйлеген. Одан кейін бұл тайпалардың азиялық бөлігінде X ғасырға дейін көне түркі тілі қалыптасады. Осы тілдің соңғы кезеңі (XV ғ.) ескі түркі (қыпшак) тілінің қалыптасуына негіз болды. XV - XVI ғасырларда ескі түркі тілінің негізінде ұйғыр, қырғыз, хақас, өзбек, қазақ және т.б. қазіргі замандағы түркі тілдері пайда болады.

Қазіргі мұңғолдар жерінде XIII ғасырда өмір сүрген тайпалардың тілдері жөнінде Плано Карпинидің кітабында:



«Есть некая земля ... среди стран Востока, ... которая именуется монгал... Все эти народы (мұңғол, татар, т.б. - С.Ж.) имели...один язык, хотя между собою они разделялись по областям и государям», - деп баяндалады [8, 33]. Ал Гильом де Рубруктың кітабына берілген ескертпеде: «...тюркский язык был в широком употреблении в империи монголов», - деп жазылған [8, 214].

Тарихшы - мамандардың пікірінше, мұңғол тілі көне түркі тілінің негізінде XIII-XV ғасырларда қалыптасады.

XIII ғасырдың ортасында бүгінгі Қазақстан мен Моңғол Халық Республикасы аумағына саяхаттап келген италияндықтар Марко Поло мен Платано Карпинидің, фламандық Гильом де Рубруктің кітаптарында және 1666 жылы Батыс Сібірде¹⁰⁰ болған аты-жөні белгісіз Батыс Еуропа саяхатшысының жол жазбалары мен XVII ғасырда мұңғол тілінде жазылған Лубсан Данзанның кітабында кездесетін түркі тіліндегі кейбір сөздерді қазіргі қазақ тіліндегі сөздермен салыстырып көрсеткенде мұңғолдар мен түркі тайпаларының бір тілде сөйлегендерін аңғаруға болады. Енді сол салыстырмалы сөздерді жазып көрсетейік.

Марко Поло кітабынан [7, 264, 291, 296, 338]: Тутия-тотийын¹⁰¹, ак-ақ, кара-қара (түс, бояу), ай ярык-ай жарық.

Платано Карпини кітабынан [8, 176, 178, 180, 184, 185, 197]: Ordu - орда, ut - от, su - су, курылтай - құрылтай, хатун - қатын, мактал - мақтау.

Гильом де Рубрук кітабынан [8, 204, 205, 211, 218, 221]: Улыс - ұлыс, кабтага - қап, хурут - құрт, хулан - құлан, чанэ - шана, томур - темір.

Батыс Еуропа саяхатшысының жол жазбаларынан [67, 334]: Koes - көз, balta - балта, kasan - қазан, su - су, ott - от, mai - май, augus - ауыз, takia - тақия, ak - ақ, kara - қара (түс, бояу), sulu - сұлы, bieloi - биялай, jaksi - жақсы.

Лубсан Данзан кітабынан [56, 53, 55, 57, 69, 99, 103, 108, 133, 160, 173, 213, 238, 314, 319, 322, 325, 326, 329, 334, 335,

¹⁰⁰ Сібір хандығының жері.

¹⁰¹ Бірінші сөз - мұңғолша, немесе татарша, екінші сөз - қазақша.

389]: Maral - марал, bugu - бұғы, garsagai - қаршыға, guda - құда, galga - қалқан, bulag - бұлақ, tegsi - тегіс, jarliu - жарлық, jasylay - жазалау, gariun - қауырсын, toi - той, jud - жут, temur (tomur) - темір, moyil - мойыл, turumtai - тұрымтай, elci - елші, alacug - лашық, serik - серік, qarauyıl - қарауыл¹⁰², maktal - мақтау.

Осы мысалға алынған екі тілдегі салыстырмалы сөздер есте жоқ ерте заманда бірге өмір сүрген мұңғолдар мен түркілер бір тілде сөйлеген деген пікірдің дұрыстығын дәлелдейді.

Қазіргі күндері Монғол Халық Республикасынан ата мекені Қазақстанға көшіп келіп жатқан қазақтардың айтуынша мұңғолдың көнекөз қариялары «қазақ, мұңғол - түркі тілді, киіз туырлықты көшпелі халықтың ұрпағымыз» дейді екен [68, 2]. Осыған жуық сарын, яғни қазіргі мұңғол деп жүрген елдің түбі түрк текті Оғыз¹⁰³ ханның ұрпағы Нүкіз әулетінен тарайтыны Рашид ад-Дин жылнамасы мен Әділғазының «Түрк шежіресінде» де айтылады [101, 19].


Сонымен қатар, сөз болып отырған мәселеге байланысты 1910 жылы жазылған Заки Уаштың «Түрк - татар тарихы» атты қолжазбасында: «...түрік, монжор¹⁰⁴, монғол бір тамырдан өрбіген (Алтай тілі табына жатады. «Тұрандық» ел саналады). Бұл үш ұлттың ең күштісі - түркі. Қалған екеуі түркіге арқа сүйеп келген», - деген деректі де сырт қалдыруға болмайды [64, 154]. Бұл орайда Монғол Халық Республикасында туып - өскен, қазірде Астана қаласында тұратын түркітанушы - ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы: «Қазіргі монғолдардың сөзінің 50 пайызы түркінің сөзі. Жалғауларының 60 пайызы да түркінікі», - екендігін айтады [137, 4].

Тұран - тарихта «орал - алтайлық» деген атаумен белгілі Еділдің шығысы мен Амударияның солтүстігінде б.з.б. VIII-III ғасырлар

¹⁰² Қарауыл - күзетте тұратын сакшы. Бұл сөздегі «қара» - етістік (көз жіберу). Орыс тіліндегі «қараул» деген сөз түркі тіліндегі «garaul» деген сөзден шыққан.

¹⁰³ Оғыз хан - біздің жыл санауымыздан бұрын өмір сүрген бүкіл түрк жұртының атасы [101, 42].

¹⁰⁴ Монжор - Манчжурия.



аралығында өмір сүрген көшпелі арғытүркі тайпаларының елі. Адамзат тарихында б.з.б. III ғасырда алғаш жазылған Заратуштра ілімінің «Авеста» деп аталатын қасиетті жазбалар жинағында сақтардың мекендерін «Тұр» деп атаған. Академик Ә. Марғұланның пікірінше Авеста кітабын жазуға сақ, күн, қаңлы тайпалары бірлестігі қатысқандығын айтады [37, 55]. Фирдоусидің әлемге әйгілі эпопеясы «Шахнамада» сақтар елін «Тұран» деп көрсетеді. Мысалы, оның кітабында парсы еліне жорыққа шыққан тұрандықтар туралы мынадай өлең жолдары бар:

*«Враг из Турана вышел небывалый,
Он катится на нас, грозней обвала.*

.....
*Оружье от меча и до аркана
Все в ход пустил я против льва Турана» [86, 48, 86].*

Тұрандықтардың тілі мен тұңғыс, монжор, фин, самоди тілдерінің ұқсастығы бар. Сондықтан қазіргі Тәуелсіз мемлекеттер достастығында тамырында тұран қаны жоқ бірде - бір адамды табу қиын деуге болады.

3. «Татар - монғол шапқыпшығылы» деп қалыптасқан ұғым дұрыс па?

Бұл сұраққа жауап беруден бұрын алдымен біздің тарихшыларымыздың батылы барып айта алмай жүрген бір шындықты айтуға тура келеді. Ол - Шыңғыс хан жүргізген жорықтарда, оның империясын басқару жумыстарында және кейін оның ұрпақтары құрған мемлекеттердің іс - әрекеттерінде татар мен мұңғол тайпаларының ешқандай рөлінің болмауы. Жалпы, Шыңғыс хан әскері құрамында наймандар, қыпшақтар, керейлер, жалайырлар елеулі орын алды. Мәселен, Шыңғыс хан әскері құрамында жалайырлар арасынан әйгілі қолбасшы Мұқылай Төлегетұлы шыққан. 1206 жылы Шыңғыс хан өз мемлекетінің шаңырағын көтеріп, әскерін 95 мыңдыққа бөлгенде Мұқылай бірінші мыңдықты басқарады. Оның есімі Шыңғыс ханға аса қадірлі 88 әскери қайраткердің ішінде үшінші орынды алады. Жалайыр тайпасынын шыққан Мунхасар ноян